



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Цифрландыру  
жемқорлықтың  
жолын кеседі



4-бет

Ауаның тазалығы  
кімге аманат?



5-бет

Наурызды  
жырмен  
қарсы алды



8-бет

## Жаңа форматтағы жаңару мейрамы



Биылғы Наурыз мерекесі жылдағыдан өзгеше сипатта өтті. Олай дейтіміз, бұл жолы мейрам «Дәстүрден – цифрлық мәдениетке» атты жаңа форматта ұйымдастырылған. Осыған орай Қарағандыдағы Орталық саябаққа ағылған халық қарасы да көп болды. Мерекелік алаңда әр мекеме өз киіз үйін тігіп, ұлттық дәстүрге сай қазан көтеріп, ас әзірледі. Ақ дастарқан жайылып, бауырсақ пісіріліп, қонақтарға ұлттық тағамдар ұсынылды. Ұлыстың ұлы күніндегі салтанатты шараға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, тұрғындармен бірге мерекенің шаттығын бөлісті.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі мерекелік алаңда әуелі Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы мен Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті бірлесіп тіккен киіз үйге арнайы бас сұқты. Мұнда қонақты «Ару әжелер» ансамблі әуезді әнмен қарсы алып, ақжарма көңілмен әннен шашу шашты. Одан кейін аймақ басшысы «Қағме» АҚ-ның киіз үйіне де ат басын бұрып, ұлттық дәмнен ауыз тиді.

– Жаңалықтың, ырыс пен ынтымақтың жаршысы Наурыз мерекесі биыл Ораза айтпен тұспа-тұс келді. Қасиет қонған киелі мекен қос мерекенің шапағатына бөленіп, мейірім мен бірліктің айрықша үлгісін көрсетуде. Өздеріңіз білетіндей, күн мен түннің теңескенін халқымыз жақсылықтың нышанына балаған. Табиғатта тепе-теңдік



Коллаж жасаған Арушан Қоспаева

орнаған сәтте ескі кетіп, жаңаның есігі ашылады. Адам да, қоғам да, жаңғыруға бет алады. Бұл күні ісі қазақ бір-біріне деген өкпе-назын ұмытып, татуласады. Ақ дастарқанның жайып ағайын-туыс, көрші-қоланды, тіпті, мүлдем танымайтын адамды «Құдайы қонақ» деп төрге шығарады.

Халық даналығы бізге бір нәрсені үйретеді. Теңдік бар жерде – тыныштық бар. Татулық бар жерде – тірлік бар. Ал, ынтымақ бар жерде – ырыс бар. Өздеріңіз білетіндей биыл еліміз жаңа белекке қадам басты. Теңгерімді реформалар жүзеге асып, жаңа Конституция қабылданды. Ол – әділдікке,

жауапкершілікке, адам әлеуетін дамытуға бағытталған. Ортақ бағдарымыздың айқын көрінісі. Ендеше, Ұлысты біріктірген ұлы күні, ауызбіршілігіміз нығайып, озық ойлы, жасампаз қоғам қалыптастырайық!

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ол қарапайым дүниеден – жақсы ойдан, жылы

сөзден, дұрыс істен бастау алады. Сонда ғана жаңару, сөз жүзінде қалмай, нақты нәтиже көрсетеді. Жаңа күн әділдік пен игіліктің бастауы болсын! – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Мейрам күні көпшілік назарын өзіне аударған жанның бірі қарағандылық ұста Еркін Тоқаев

► 8-бет

## Жасыл энергетиканың жарқын қадамы

Осакаров ауданында жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған ірі жобалардың бірі жүзеге асып жатыр. Қуаттылығы 150 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы өңірдің энергетикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, инвестициялық белсенділікті күшейтіп, экологиялық тұрғыдан таза қуат өндіруге жол ашпақ.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### «Жасыл» энергия: жаһан үдерісі

Желдің күші – табиғаттың сарқылмас байлығы. Соңғы жылдары әлем елдері осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға басымдық беріп келеді. Еліміз де жаһандық үдерістен шет қалып отырған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасын әртараптандыру және экологиялық қауіпсіздікті күшейту мақсатында жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру жөнінде нақты міндет қойғаны белгілі. Соған сәйкес алдағы жылдары елімізде өндірілетін электр энергиясының кемінде 30 пайызы жасыл энергетика көздері арқылы алынуы тиіс.

Осы стратегиялық бағытты жүзеге асыру жолында еліміздің әр өңірінде бірқатар ірі жобалар қолға алынады. Солардың бірі – Қарағанды облысының Осакаров ауданында



салынып жатқан жел электр станциясы. Құрылыс жұмыстары бүгінде қарқынды жүргізіліп, жоба өңірдің энергетикалық тұрақтылығын арттыруға әрі өндірістік әлеуетін күшейтуге бағытталған маңызды бастамаға айналып отыр.

Жел электр станциясы толық іске қосылған кезде аймақтың электр энергиясына деген сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай,

қоршаған ортаға шығарылатын зиянды қалдықтардың азаюына да оң әсерін тигізеді. Мамандардың айтуынша, жел энергиясын пайдалану көмір мен басқа да дәстүрлі отын түрлеріне тәуелділікті азайтып, экологиялық тұрғыдан таза әрі тұрақты энергетикалық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында: «Біз «жасыл»



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен-біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде», – деп атап өткен болатын. Бұл – энергетика саласын жаңғыртып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған нақты бағдар.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның табиғи-климаттық ерекшеліктері жел энергетикасын дамытуға қолайлы. Өсіресе, орталық және солтүстік өңірлерде желдің жылдамдығы жоғары болғандықтан, мұндай жобалардың экономикалық тиімділігі де зор. Осакаров ауданындағы жаңа станция осы әлеуетті тиімді пайдаланудың жарқын мысалдарының бірі болмақ.

► 3-бет

• РЕСМИ

## Су электр станциясы салынады

Қарағанды облысында су электр станциясын салу жоспарланып отыр. Бұл жоба өңірдегі энергия тапшылығын азайтып, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған деп мәлімдеді Су ресурстары және ирригация министрлігі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, Қазақстанның бірнеше өңірінде жаңа су электр станцияларын салу көзделген. Соның бірі Қарағанды облысында жүзеге аспақ. Жоба іске қосылған жағдайда электр энергиясын өндіру көлемі артып, аймақтың энергетикалық әлеуеті күшейеді.

Бұл бастама толық жүзеге асқан кезде «Қазушар» нысандарында өндірілетін электр энергиясының жылдық көлемі шамамен 30 МВт-қа дейін жетуі мүмкін.

Қазіргі уақытта аталған кәсіпорын теңгерімінде бірнеше шағын су электр станциясы жұмыс істейді. Олар Солтүстік

Қазақстандағы Сергеев гидроторабында, Қарағанды облысындағы Ынтымақ су қоймасында және Қорғас өзеніндегі «Достық» гидроторабында орналасқан.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметінше, «Қазушар» кәсіпорны Қарағанды облысындағы Самарқанд су қоймасында, сондай-ақ, Ақтөбе облысындағы Қарғалы және Абай облысындағы Қаракөл су қоймаларында шағын су электр станциясын салу бойынша жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеуде. Қазіргі таңда бұл жобалар мемлекеттік сараптамадан өтіп жатыр.

Жаңа жоба еліміздегі жасыл энергетиканы дамытуға серпін беріп, экологиялық таза электр энергиясының үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

## «Шахтер» жаңа кезеңге аяқ басты

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы жаңа маусымға сакадай сай. Күні кеше клуб басшылығы команданың жаңартылған құрамын ресми түрде таныстырып, жанкүйерлерге жаңа ойын және жаттығу киім үлгілерін ұсынды. Былғы маусымда ұжым айтарлықтай жасарған. Құрамға талантты, болашағын үміт күттіретін жас ойыншылар тартылып отыр. Енді қарағандылық клуб – Бірінші-Лигадағы ең жас командалардың бірі. Команданың таныстырылым рәсіміне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, ойыншылар мен банкерлер құрамына жаңа маусымда жарқын жеңіс тіледі.



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы – ел футболының шежіресінде өзіндік орны бар, тарихы бай ұжым. 1950 жылы іргесі қаланған команда осы уақыт ішінде екі мәрте Қазақстан чемпионы атанып, ел Кубогын да олжалаған. Клубтың ең жарқын жетістіктерінің бірі – 2013-2014 маусымында UEFA Europa League турнирінің топтық кезеңіне жолдама алып, әлеуетін айқын көрсеткендігі. Бүгінде тамыры терең, дәстүрі қалыптасқан клуб дамуы жаңа кезеңіне қадам басты. Облыс әкімдігімен бірлесіп, балалар лигасы BFL-ден бастап, мектеп бағдарламаларына, түрлі турнирлер мен фестивальдерге дейінгі толыққанды футбол жүйесі қалыптасуда. Өңір басшысы команданың болашағына қатысты стратегиялық бағыттарды айқындап, клубтың тұрақты дамуына басымдық берілетінін атап өтті.

– Жаңарған «Шахтерді» алда күрделі кезең күтіп тұр. Бас демеушіміз – «Freedom Holding Corp» компаниясымен бірлесіп, аула футболынан кәсіби деңгейге дейінгі тұтас экокүйе қалыптастырудамыз. Нақты жоспар бар. Оны кезең-кезеңімен жүзеге асырамыз, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Бүгінде өңірде футбол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған ауқымды жобалар қолға алынған. Атап айтқанда, клубтың стадионы заманауи талаптарға сай жаңартылуда. Сонымен қатар, футбол

академиясын ашу және жыл бойы жаттығу өткізуге мүмкіндік беретін заманауи манежерлер салу жоспарланған.

2025 жылдың желтоқсанында қарағандылық «Шахтер» клубы «Freedom Holding Corp» компаниясының басқаруына өткен болатын. Компанияның атқарушы директоры Тимур Турлов жаңа маусымға қатысты ұзақ мерзімді жоспарларымен бөлісті.

– Маусымға нақты жоспармен кірістік. Басымдық – жергілікті жас ойыншыларға беріледі. Біз тек негізгі құрамды ғана



Суреттер клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

емес, оның айналасындағы толыққанды инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытып жатырмыз. Атап айтқанда, футбол академиясын жетілдіру, жаңа жаттығу алаңдарын салу және заманауи әдістемелерді енгізу – негізгі бағытымыздың бірі. Бұл қадамдар клубтың тұрақты дамуына берік негіз қалайды. «Шахтердің» жаңа тарихы бүгіннен басталады, – деді ол.

Клубты таныстыру рәсімі де жоғары деңгейде өтті. Алдымен сахнаға жаттықтырушылар штабы, клуб қызметкерлері мен ойыншылар көтеріліп, жанкүйерлерге жаңа құрам ресми түрде ұсынылды. Команда капитаны Игорь Шацкий өз сөзінде жанкүйерлер қолдауының маңызын ерекше атап өтіп, олардың сенімі мен қолдауы алаңдағы ойынға тікелей әсер ететінін жеткізді.

– Сіздердің қолдауларыңызды әр матчта айқын сезінеміз. Бұл бізге қосымша сенім мен жігер береді. Біз қай клубтың намысын қорғап жүргенімізді терең түсінеміз әрі сол жауапкершілікті толық сезінеміз. Сондықтан, алаңға әр шыққан сайын бар күшімізді салып, жоғары нәтиже көрсетуге тырысамыз. Басты мақсатымыз – әр ойында жеңіске жету, – деді капитан.

Таныстырылым барысында команданың жаңа ойын формасы көпшілік назарына ұсынылды. Клуб ойыншылары өз алаңындағы кездесулерде дәстүрлі қызғылт сары жейдесін киетін болады. Ал, сырт алаңдағы матчтарға арналған ақ түсті форма жанкүйерлерге ресми түрде таныстырылды. Сонымен қатар, клубта даңқ залы ашылды. Оның алғашқы мүшелері ретінде «Шахтердің» аңызға айналған футболшылары Петр Асылбаев, Андрей Финонченко және Айдос Таттыбаевтың есімі енгізілді. Кеш соңы мерекелік концертке ұласты.

### • МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Тәулік бойы бақылауда

Аймақта қардың жаппай еруі басталып, су басу қаупі күшейді. Осыған байланысты қала және аудан әкімдері тұрғындарды өз аулаларын қардан шұғыл тазалауға шақырып, қауіптің алдын алу әр адамның жауапкершілігі екенін ескертті. Қазгидромет деректеріне сәйкес, облыс аумағының шамамен 60 пайызы әлі де қармен жабылған. Ал, күннің жылынуына байланысты еріген су көлемі арта түсуі мүмкін.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»


Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев су тасқыны қаупі жоғары аудандарды аралап, жағдайды жеке бақылауына алды. Бұқар жырау, Нұра және Осакаров аудандарындағы елді мекендерде дайындық деңгейі тексеріліп, жауапты қызметтерге нақты тапсырмалар берілді. Қазіргі уақытта жергілікті әкімдіктер мен төтенше жағдайлар департаменті тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырып, ахуалды бақылауда.

Барлық қызметтер күшейтілген режимге көшірілген. Қосымша техника мен күштер ықтимал қауіпті аймақтарға жіберіліп, кез келген жағдайға жедел

тек коммуналдық қызметтерге ғана емес, өзімізге де байланысты. Барлық тұрғындарды аулаларын қардан тазалауға шақырамыз. Жағдай тұрақты бақылауда және мониторинг жүргізілуде», – делінген ресми хабарламада.

Мамандардың айтуынша, уақытылы тазаланбаған қар аула ішін, жер төселер мен шаруашылық құрылыстарында су басу қаупін туындатуы мүмкін. Әсіресе, жер бедері төмен аймақтарда тұратындар үшін қауіп жоғары. Осыны ескерген өңірде көктемгі тасқынға қарсы кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бүгінгі күнге дейін елді мекендерден 1,8 миллион текше метрден астам қар шығарылған. Сонымен қатар су өткізу құбырлары мен арықтар тазартылып, арналар кеңейтіліп, қорғаныс бөгеттері



әрекет етуге дайын тұр. Дегенмен, мамандар қауіптің алдын алуда тұрғындардың белсенділігі ерекше маңызды екенін атап өтеді. Ауланы уақытылы тазалау, су ағатын жолдарды ашық ұстау, арықтар мен құбырларды бітемеу – қарапайым, бірақ аса маңызды шаралар.

Қала және аудан әкімдері тұрғындарға үндеу жасап, коммуналдық қызметтер көшелер мен қоғамдық орындарды тазалап жатқанымен, аула аумақтары тұрғындардың қарауында екенін атап өтті. «Қардың белсенді еру кезеңі басталды. Қазіргі жағдай

нығайтылуда. Өзендерде мұз кептелістерінің алдын алу мақсатында жарылыс жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Бұл судың кедергісіз ағуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Өңірде жағдай әзірге тұрақты болғанымен, табиғи үдерістердің қарқындына байланысты қауіп сөйілді деуге болмайды. Сондықтан, көктемгі кезеңде өз тұрғын сақтық шараларын күшейтіп, әр аумағына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Қауіптің алдын алу – ортақ міндет.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## Елдік істің бағасы

«AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалында Конституциялық реформа мен республикалық референдум кезінде белсенділік танытқан «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін» Жалпыұлттық Коалициясының өкілдерін марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара барысында жаңа Конституция жобасын әзірлеу және оны түсіндіру жұмыстарына үлес қосқан азаматтарға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан марапаттар табысталды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында алғаш болып сөз алған облыстық мәслихатының төрағасы, облыстық Коалиция жетекшісі Нұркен Кобжанов өткен саяси науқанның маңыздылығына тоқталды.

– Елімізде үлкен саяси науқан өтті. Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі ретінде бұл процестің басы-қасында болып, көптеген жайтқа қанық болдық. Бастапқыда парламенттік реформа ретінде басталған жұмыс халықтың белсенділігі арқасында ауқымды сипат алды. 12 мыңнан астам ұсыныс түсіп, Ата Заңның 84 пайызы өзгергеннен кейін Жаңа Конституция қабылдау туралы шешім қабылданды. Облысымызда да бір ай бойы түсіндіру жұмыстары үздіксіз, жоғары

ыждағаттылықпен жүргізілді, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Марапаттау рәсімінің алғашқы бөлімінде Нұркен Кобжанов Мемлекет басшысының Алғыс хатымен бірге «Алтын Барыс» төсбелгісін табыстады. Бұл жоғары марапатқа өңірдің дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірқатар тұлғалар ие болды. Атап айтқанда, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, мәдениет саласының ардагері Рымбала Омарбекова, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы, медицина ғылымдарының докторы Қадияша Оспанова, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбеков, сондай-ақ, облыстық мәслихат депутаты Мира Махатчина және «AMANAT партиясы» облыстық филиалының бөлім меңгерушісі Хабиба Дақы-



нова марапатталды.

Салтанатты жиынның екінші бөлімінде «AMANAT партиясы» облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков сөз алып, Қарағанды облысындағы үгіт-наси-

хат жұмыстарының ауқымын тілге тиек етті.

– Жаңа жыл қарсаңында қабылданған Конституциямыз халықтың жағдайын жақсартуға қызмет жасайтынына сенемін. Бұл

– сіз бен біздің ортақ жеңісіміз. Осы жолда аянбай еңбек еткен әріптестеріме, коалиция мүшелеріне алғыс айтамын. Әсіресе, облысымыздың түпкір-түпкірінде түсіндіру жұмыстарын жүргізген

385 азаматтың еңбегі орасан. Олар күн-түн демей, әр елді мекенге барып, халықпен тікелей кездесіп, әрбір ұсыныс пен пікірді жеткізуге атсалысты. Осындай бірлік пен ұйымшылдықтың арқасында біз бұл маңызды саяси науқанды жоғары деңгейде өткіздік, – деді Бекзат Қомарұлы.

Әрі қарай Бекзат Алтынбеков түрлі сала өкілдері мен партия белсенділеріне Президенттің Алғыс хаттарын салтанатты түрде табыстады. Марапат иелері қатарында мәдениет пен руханият саласының өкілдері – Кеңшілер мәдениет сарайының басшысы Саят Әбдіғали, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда, сондай-ақ, «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков, блогер-журналист Диана Сапарқызы және өңірлік филиал төрағалары бар.

Сонымен қатар, «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері де Президент ілтипатына ие болды.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

## Маңызды жобалар мақұлданды

Облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен кезектен тыс XXXIII сессия аймақтың басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды шешімдерімен ерекшеленді. Сессия жұмысына облыс әкімінің орынбасарлары, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, қала және аудан әкімдері, қалалық және аудандық мәслихаттардың төрағалары, сондай-ақ, қоғам белсенділері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Күн тәртібіне үш негізгі мәселе шығарылды. Атап айтқанда, Қарағанды облысын басқару схема-сын бекіту, облыстық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күшін жою және «дайын күйінде тапсырылатын» құрылыс жобаларының тізбесін бекіту мәселелері қаралды.

Сессия барысында қабылданған ең маңызды шешімнің бірі өңірді басқарудың жаңартылған құрылымын бекіту болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес, Қарағанды облысында жаңа мемлекеттік орган – Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы құрылатын болды. Бұл бастама балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмысты күшейтуді көздейтінін атап айту керек.

Облыс әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы Галымжан Спабеков өз баяндамасында қазіргі таңда балалардың құқықта-



рын қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ерекше өзекті болып отырғанын атап өтті. Мәлімдеуінше, жаңа басқарма осы саладағы барлық қызметтердің жұмысын үйлестіретін негізгі құрылымға айналмақ.

Жаңа орган құрылғанымен, мемлекеттік қызметшілер санының артпайтынын айрықша атап өткен жөн. Басқарманың кадрлық ресурстары ішкі қайта бөлу есебі-

нен жасакталады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға бағытталған онтайлы шешім ретінде бағаланып отыр.

Облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов бұл бастаманың маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Бала – біздің болашағымыз. Соңғы уақытта балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәсе-

лесі қоғамдағы ең өзекті тақырыптың біріне айналды. Бұл – заңды әрі орынды талап. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел иесі. Сондықтан да, олардың жан-жақты қорғалуына жағдай жасау – баршамызға ортақ міндет, – деді Нұркен Сайфиддинұлы.

Сонымен қатар, депутаттар Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының атауын өзгерту туралы ұсынысты да мәслихат депутаттары бірауыздан қолдады. Енді бұл құрылым Цифрлық технологиялар басқармасы деп аталады. Жаңа атаумен қатар, басқарманың құзыреті де кеңейтіліп, цифрлық трансформациямен бірге, жасанды интеллектті дамыту бағыттарын қамтиды. Бұл өзгеріс – өңірдің заманауи технологияларға бейімделуін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Күн тәртібіндегі тағы бір маңызды мәселе – «дайын күйінде тапсыру» қағидаты бойынша жүзеге асырылатын құрылыс жобаларының тізбесін бекіту болды. Аталған тізімге Қарағанды қаласында салынатын 1500 орындық конгресс-холл құрылысы енгізілді. Жобаны іске асыру жаңа бастамаларға жарияланған қолданыстағы мораторий аяқталғаннан кейін қолға алынбақ.

Конгресс-холл салу мәселесі – кеншілер астанасы үшін бұрыннан бері көтеріліп келе жатқан өзекті жобаның бірі. Өйткені, Қарағанды сияқты тарихи терең, ірі индустриялық қалада ауқымды мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізуге лайықты заманауи концерт залының қажеттілігі айқын сезіледі.

Жалпы, сессия барысында қабылданған шешімдер мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, әлеуметтік маңызы бар бағыттарды күшейтуге және өңірдің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған. Бұл бастамалар кеншілер өлкесінің тұрақты дамуына жаңа серпін беретіні анық.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

## Электр желілері жаңарады

Облыста электр инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алып, Узенка кентінде ауқымды реконструкция жүргізілуде. Соңғы жылдары жарықтың жиі өшуі мен кернеудің төмен болуы мәселесін шешу үшін энергетиктер жаңа жоғары кернеулі кабельдік желілер тартып, сегіз заманауи трансформаторлық қосалқы станция орнатты. Жобаны жүзеге асырып жатқан «Қарағанды Жарық» компаниясының мәліметінше, бұл жұмыстар кентті тұрақты әрі сапалы электр қуатымен қамтамасыз етуге бағытталған.



Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, Узенка тұрғындары электр желілерінің тозуы мен қуаттың тұрақсыздығына байланысты бірнеше жыл бойы шағымданып келген. Әсіресе кернеудің төмендігі мен апатты ошулар тұрмыстық жағдайға едәуір қолайсыздық туғызған. Осыған байланысты кешенді жаңғырту туралы шешім қабылданып, жұмыстар 2025 жылдың шілде айында басталған. Жоба 2026 жылдың шілде айына дейін жалғасады.

Бүгінде негізгі кезеңдердің бірі аяқталып үлгерді. Атап айтқанда, жоғары кернеулі кабельдік желілер толық тартылып, сегіз жаңа кешенді трансформаторлық қосалқы станция іске қосылған. Сонымен қатар 0,4 кВ кернеулі тұтынушы желілерін монтаждау жұмыстары шамамен 40 пайызға орындалған. Мамандар ескі, тозығы жеткен тіректер мен сымдарды ке-

зең-кезеңімен ауыстырып, олардың орнына темірбетон тіректер мен заманауи оқшауланған сымдар орнатуда.

Жаңғырту жұмыстары кенттің бірнеше көшесін қамтып отыр. Атап айтқанда, Библиотечная, Саранская, Медицинская, Профсоюзная көшелері, Львовский түйісі, сондай-ақ, Пожарский, Лиза Чайкина, Мерей, Санаторная, Минин, Семафорная, Некрасов, Фадеев, Боткин, Полюсная, Аптечная, Стахановская, Говоров және Чичерин көшелерінде құрылыс-монтаж жұмыстары қатар жүргізілуде.

Жоба мұнымен шектелмейді. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін инфрақұрылымды толық жаңарту мақсатында екінші кезең іске қосылады. Ол 2026 жылдың тамыз айынан 2027 жылдың шілде айына дейін жалғасып, қазіргі жобаға кірмеген желілерді қайта құруды қамтиды.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Үздіктер қатарында

Сауда және интеграция министрлігі сауда субъектілері арасында өткен «Sauda in Digital Nauryz» республикалық байқауының қорытындысын жариялады. 13-20 наурыз аралығында ұйымдастырылған шара сауда саласындағы цифрландыру мен жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін көрсетті.

Байқауға қатысушылар бес негізгі критерий бойынша бағаланды: жасанды интеллектті қолдану, креативтілік, ұлттық нақшы, аудитория белсенділігі және контент сапасы. Бағалау 100 балдық жүйемен жүргізілді.

Қорытынды нәтижеге сәйкес үздіктер қатарынан бірнеше сауда нысаны танылды. Атап айтқанда, «Үздік цифрлық құттықтау» номинациясында Қарағанды қаласындағы ЦУМ 92 балл жинап, көш бастады. Оның видеоматериалы Наурыз құндылықтарын цифрлық форматта әсерлі жеткізе білгені үшін жоғары бағаланды.

Ал «Жасанды интеллекттің үздік қолдану» номинациясында Қарағандыдағы «Умай» жобасы 90 балл иеленді. Жоба аясында жасанды интеллект арқылы визуалды әрі интерактивті контент жасалып, заманауи технологиялардың тиімділігі дәлелденді.

«Ең креативті digital-жоба» атағы «Small» сауда желісіне бұйырды. Олар сторителлинг элементтері мен ерекше формат арқылы аудиторияны тартудың тың тәсілдерін ұсынды.

Сондай-ақ, «Үздік цифрлық безендіру» номинациясында «Ануар» сауда желісі 88 балл жинап, жеңімпаз атанды. Сауда кеңістігін экрандық шешімдер мен визуалды элементтер арқылы безендіру нәтижесінде біртұтас мерекелік атмосфера қалыптастырылған.

Өз тілішімізден

## Жасыл энергетиканың жарқын қадамы

(Соңы. Басы 1-бетте)

### Инвестиция игілігі

Соңғы жылдары Осакаров ауданы инвестиция тарту көрсеткіштері бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді. Былтыр аудан экономикасына тартылған негізгі капитал көлемі 134,8 пайызға өсіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берді.

Осакаров кентінде «Гиперборей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құны 42,6 миллиард теңге болатын жел электр станциясының құрылысын қолға алған. Был аудан экономикасына тартылған инвестиция көлемін 47 миллиард теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Бұл қаржы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады.

Жалпы аудан аумағында құны 301 миллиард теңгеге бағаланатын үш ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылмақ. Оның бірі – қуаттылығы 150 МВт болатын осы жел электр станциясы. Сонымен қатар қазақстандық-қытайлық «Алтын Алқап КРГ» серіктестігі кірішпін зауыттың салуды көздесе, тағы бір бірлескен кәсіпорын – «North Wind Park» компаниясы қуаттылығы 500 МВт болатын жел паркін іске қосуды жоспарлап отыр.

### Серпінді технология сенім сыйлайды

Қазіргі уақытта қуаты 150 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Жоба аясында әрқайсысының номиналдық қуаты 7,7 МВт-ты құрайтын 21 жел энергетикалық қондырғысы орнатылады. Сонымен қатар қосалқы станция салынып, электр жеткізу желілері тартылууда. Бұл нысан іске қосылған соң өңірдің энергетикалық жүйесіне қосылып, тұрақты қуат көзіне айналмақ.

Жобадә әлемдік тәжірибесі мол жетекші компаниялардың озық технологияларын қолданылууда. Электр жабдытарының бір бөлігі

Германияның әйгілі өнеркәсіптік концерні – Siemens AG өндірген құрылғылармен жабдықталған. Мамандардың айтуынша, бұл жабдықтар кемінде жиырма жыл бойы үздіксіз қызмет көрсетуге қабілетті.

«Гиперборей» ЖШС техника жөніндегі директоры Дмитрий Силантьевтің айтуынша, станция толық іске қосылғанда өндіріс үдерісі толық автоматтандырылған жүйе арқылы басқарылатын болады.

– Жасыл энергетика – болашақтың сенімді қуат көзі. Ол көмір мен газға тәуелділікті азайтып қана қоймай, қоршаған ортаға келетін зиянды да төмендетеді. Қазірдің өзінде жеті жел энергетикалық қондырғысы орнатылды. Жалпы саны – 21 қондырғы. Қазіргі уақытта елімізде ТМД мен Еуропада орнатылған ең қуатты жел генераторлары пайдаланылууда. Әрбір генератордың бірлік қуаты – 7,7 МВт және қызықтысы, осындай бір генератор бүкіл бір елдімекенді толық энергиямен қамтамасыз ете алады. Барлық жүйе толық автоматтандырылып, жел турбиналарының жұмысын операторлар компьютер арқылы бақылап отырады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарына 150-ге жуық адам тартылған, – дейді ол.

Жел электр станциясының құрылысы басталғанға дейін мамандар желдің күшін алдын ала өлшеу үшін арнайы мұнара орнатқан. «Бұл мұнара әлі де тұр және ауа ағынын өлшеп отыр», – дейді директор. Өртүрлі биіктікте төрт сенсор орналастырылып, жел ағынының деректері тіркелген.

– Өлшеу нәтижелері бойынша қаржылық модель жасалды. Ол станцияның тиімді екенін көрсетті және осы аудандардағы желдің орташа жылдамдығын анықтады. Әзірге нақтыланған жылдамдық – секундына 8,5 метр. Өте жақсы көрсеткіш. Бізге осындай станцияларды салуда тәжірибесі бар Қытай, Германия, Франция және басқа елдердің кеңесшілері келеді. Олар генераторлардың биіктігіне,

### Жел энергетикасы

**ҚАРЖЫ**

Құны 42,6 миллиард теңге тұратын жел электр станциясын орнатылууда

**ҚУАТЫ**

Қуаты 150 МВт құрайтын жаңа жел электр станциясының құрылысы жүріп жатыр. Жаңа станция әрбір номинал қуаты 7,7 МВт болатын 21 жел энергетикалық қондырғыдан тұрады

**ҚҰРАМ**

Электр нысаны іске қосылған соң 20 жаңа жұмыс орны құрылады

**САПА**

Турбиналар өз саласындағы ең танымал компания – американдық-канадалық UWL Solutions сертификатынан өткен.

аралығында сенімді жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде ақаулар мен төтенше жағдайлардың болмайтынына сенімдіміз. Тек қажет болған жағдайда ғана қызмет көрсету жүргізіледі. Біз өндірген энергияны ортақ желіге жеткіземіз, ол өңірлер бойынша бөлінеді. Ал Осакаровка қосалқы станциясы Қарағанды мен Астана арасындағы жоғары вольтты желілерді байланыстырады. Бұл біздің өңірлерге тұрақты, сенімді электр энергиясын қамтамасыз етуімізге мүмкіндік береді. Жел генераторларының турбиналары Қытайда жасалған, ал модель шамамен екі жарым жыл бұрын әзірленген. «Эксперименттік модель бір жылға жуық Қытайда жұмыс істеп, өзін сенімді көрсетті. Сол себепті компания осы турбиналарды таңдауға шешім қабылдады, – дейді техникалық директор.

Турбиналар өз саласындағы ең танымал компания – американдық-канадалық UWL Solutions сертификатынан өткен. Бұл олардың сапасы мен сенімділігін растайды және станцияның тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

### Болашақтың қуат көзі

Қарағанды өңірінде жасыл энергия бағытындағы жұмыстар жалғасын табады. Алдағы уақытта Теміртау қаласында қуаттылығы 500 МВт болатын жел электр станциясын салу жоспарланып отыр. Ал Қарқаралы ауданында 200 мегаватттық тағы бір жоба жүзеге асуы мүмкін. Қазір бұл бастамалардың техникалық-экономикалық негіздемелері әзірлену үстінде.

Сарыбелде бой көтерген алып турбиналар – жасыл экономиканың жарқын көрінісі. Бұл жоба сәтті іске қосылғанда, өңірдің ғана емес, тұтас елдің энергетикалық жүйесіне серпін беріп, экологиялық тұрғыдан таза әрі тұрақты болашаққа бастайтын игілікті бастама ретінде бағасы артпақ.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Цифрландыру жемқорлықтың жолын кеседі

Қоғамдағы әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етудің ең тиімді жолдарының бірі – цифрландыру. Қазақстан Республикасында енгізіліп жатқан электронды жүйелер парақорлыққа тосқауыл қойып, мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениетін қалыптастыруда. Кеңірек тоқталалық.

**Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа қарсы кідіріссіз күрес – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдығы. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында және «2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау» туралы Жолдауында цифрландыруды жаппай енгізу арқылы мемлекеттік басқаруды ашық әрі тиімді ету міндеті қойылғаны баршаға аян.

– Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни, кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным, – деп, баса белгіледі Мемлекет басшысы.

Осы орайда «Digital Qazaqstan» жобасының аясында мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру, бюджет қаражатын сандық технология жолымен бақылау әрі адами фактордың араласуын мейлінше кеміте түсу – жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің нақты жолы.

Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес облыста сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мәселесі үнемі назардан қалмай келеді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев түрлі келеді басқосуларда цифрландырудың маңызын айрықша атап өтіп келеді.

– Бүгінде ақпараттық техно-

логиялар мен цифрландыру процесі шешім қабылдауда адами фактордың әсерін барынша азайтуға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға теңдессіз мүмкіндік береді. Өңірде осы тұрғыдағы ілкімді істер жалғасын тауып қана қоймай, ең орайлы әдіспен іске асырылғаны терең мәнге ие, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Иә, облыс әкімінің парасатты пікірі әсте кездейсоқ емес. Байыптай отырсақ, Қазақстанда мемлекеттік қызметтердің 80%-дан астамы электрондық форматқа көшірілгені қашан. Әсіресе, eGov платформасы, «eQyzmet» жүйесі және QR-төлем арқылы қызмет алу кезіндегі тынымсыз кезек пен орайлы кезде пара беру, пара алу сынды қатердің ықтималдығы осы күнде нөлге жуықтайды. Ең қызықтысы, цифрлық теңге арқылы бюджеттік қаражаттың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен бұл технология құрылыс саласында да сынақтан өткізіліп, қаражаттың мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ететін қауқарға ие болды.

Қарағанды облысында мұның аясында нақты істер бар. Мәселен, ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыру – жемқорлыққа қарсы тағы бір тиімді қадам. Облыста егістіктер мен көпжылдық екепелердің электрондық карталары толық жасалды. Ал, қалған ауыл шаруашылық алқаптары да 100% цифрландырылады. Бұл веб-портал арқылы бос жер телімдерін ашық орналастыруға, субсидияларды әділ бөлуге де, жерді заңсыз пайдалануды болдырмауға сөзсіз септеседі. Түп нәтижесінде фермерлер



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

қауымы мемлекеттік қолдауды ашық негізде ала алады. Есесіне жемқорлық тәуекелі айтарлықтай төмендейді.

Сонымен қатар, аймақта «Antikor Ortalyq» атты онлайн орталығы жұмыс істейді. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ашылған бұл орталық заманауи техникамен жабдықталған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да қолайлы. Мұнда жемқорлық жайттары туралы арыздарды жылдам қабылдап, цифрлық платформа арқылы бақылайды. Бұл – азаматтардың тікелей қатысуымен жемқорлыққа қарсы күресінің нақты үлгісі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің өкілдері де цифрландырудың тиімділігін растайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша облыста мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын қашықтан мониторинг арқылы 614 азаматтың құқығы қалпына келтірілген. Цифрланды-

рудың арқасында қызмет көрсету уақыты қысқарып, шағымдар едәуір азайған.

Цифрландыру шынымен жемқорлықты азайтудың тиімді жолы. Себебі, ол қызмет көрсету процесіне адами фактордың қатысуын минимум шегіне түсіреді. Шешімдер автоматтандырылады, барлық үдеріс ашық негізде іске асады. Бүгінде халықаралық тәжірибе (Эстония, Сингапур) көрсеткендей, электрондық үкімет енгізілген елдерде жемқорлық деңгейі күрт төмендейді. Қазақстанда да «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы арқылы барлық саатын алулардың (Goszakup) 90%-ы онлайн өтеді де жемқорлық атаулысының жолын кеседі.

Дегенмен, Президенттің өзі ескерткендей, цифрландыру «хаосқа» айналуы керек. Сондықтан, биылғы жылғы тапсырмалар шегінде бірыңғай цифрлық платформа құру, жасанды интеллектті енгізу – мызғымайтын міндетті шарт. Қарағандыда да цифрлық теңге мен жер карталарының жобалары – басым бағыт.

Егер осындай жетелі жұмыстар жүйелі негізде жалғаса түскен болса, жемқорлықты тек кемітіп қана қоймай, «адалдық алаңын» кеңейте беретіні рас.

Сайып келгенде, цифрландыру – жемқорлыққа қарсы күрестің технологиялық қаруы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атаулы бағыттағы тапсырмалары Қарағанды облысында нақты іске асып жатыр. Бұл – болашақ жолы. Халық цифрлық қызметтерді белсенді пайдаланса, жемқорлықтың өзі «цифрлық өлімге» ұшырайды.

– Халықаралық бағалаулар да еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әлі де жүйелі әрі терең реформаларды қажет ететінін көрсетіп отыр. Transparency International ұйымының 2025 жылғы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында Қазақстан 100 мүмкін балдан 38-ін жинап, 182 елдің ішінде 96-орынға тұрақтады. Бұл – алдыңғы жылмен салыстырғанда екі балға төмен көрсеткіш. Демек, 50 балдан төмен нәтиже мемлекеттегі сыбайлас жемқор-

лық тәуекелдерінің әлі де жоғары екенін аңғартады. Рейтингіте Дания, Финляндия және Сингапур секілді елдер көш бастап тұрса, Қазақстан аймақ елдерінің ішінде салыстырмалы түрде жоғарырақ орын алғанымен, ашықтық пен есептілік мәселесі күн тәртібінен түспей отыр. Осы үстеме дәйекті өз-ақ цифрландыру мен мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыру бағытындағы бастамалардың тек уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болудың маңызды шарты екенін айқын көрсетеді. Өңірімізде табысты жүзеге асып жатқан жерді цифрландыру, цифрлық теңге сияқты соны жобалар – өңірлік деңгейде реформалардың нақты нәтижесін көрсететін бір шынайы мысал. Егер бұл тәжірибе жүйелі түрде кеңейтілсе, Қазақстан тәуелсіз мемлекеттер достастығы кеңістігінде цифрлық басқару арқылы жемқорлықты азайтудың табысты моделін қалыптастыра алады, – деп түйіндейді ойын тәуелсіз сарапшы, қоғамтанушы Айдос Сарсембаев.

Бақсақ, цифрландыру – қоғам санасын жаңғыртып, мемлекеттік басқаруға жаңа мәдениет әкелетін өркендеткіш қадам екен. Санадан сандық жүйелердің дамуы – әділдікке бастар даңғыл жол, ашықтыққа апарар айқын бағдар. Ұлт болашағына бағытталған ұзақмерзімді стратегия. Өрбір енгізілген электронды қызмет, әрбір ашық платформа – жемқорлыққа қойылған тағы бір тосын тосқауыл. Цифрландыру – болашақтың тілі. Осы тілде қалыптасқан қарым-қатынас орната білу әрбірімізге әлеует сыйлары тағы да шүбәсіз шындық.

## IT және инжиниринг үшін плацдарм

XXI ғасыр – технологиялардың тек дамып қана қоймай, адам өмірінің әрбір саласына терең бойлаған кезең. Бұл дәуірдің басты қозғаушы күшінің бірі – роботтехника. Бүгінде роботтар тек ғылыми фантастикалық фильмдердің кейіпкері емес, олар өндірісте, медицинада және күнделікті тұрмыста біздің сенімді көмекшімізге айналады. Қазақстанның индустриялық жүрегі, қара шаңырағы саналатын Қарағанды қаласы үшін бұл саланың дамуы стратегиялық маңызға ие.



Қарағанды тек көмір өндірумен ғана емес, сол өндірісті «ақылды» ететін, автоматтандыратын жоғары технологиялармен де танылуы тиіс. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар қаламыздың қуатты білім беру инфрақұрылымынан бастау алады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мен Қарағанды техникалық университеті бүгінде нағыз «кадрлар ұстаханасына» айналып отыр. Әсіресе, ҚарТУ базасындағы мехатроника мен автоматтандыру зертханаларында студенттер нақты өндірістік процесстерді роботтандырудың практикалық дағдыларын меңгеруде. Осы орайда Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары мен инженерлері өңірдің өндірістік ерекшелігіне тоқталып: «Қарағандының тау-кен өндірісі

саласында адам өміріне қауіпті аймақтар өте көп. Біздің мақсатымыз – сол аймақтарды роботтандыру. Қазірдің өзінде кен орнындағы жағдайды қашықтықтан бақылайтын және мониторинг жасайтын автоматты жүйелердің прототиптері жасалауда. Бірақ бұл жобаларды өндіріске енгізу үшін жергілікті кәсіпорындар тарапынан сенім мен инвестиция қажет», — деген маңызды пікір білдіреді. Бұл ғылым мен өндірістің арасындағы алтын көпірдің қажеттілігін дәлелдейді. ( <https://www.kstu.kz/> )

Робототехниканың негізі мектеп қабырғасынан қаланатынын ескерсек, Қарағанды мектептеріндегі STEM-білім беру бағытының қарқыны да ерекше назар аудартады. №1 мектеп-лицейі, №66 гимназия және №97 орта

мектептердегі робототехника кабинеттері оқушылардың инженерлік ойлау қабілетін ұштауда.

Алайда, осы саланың басында жүрген танымал STEM-сарапшы Айгүл Қасенова мектептегі білім беру сапасына қатысты өзіндік сараптамасын ұсынады: «Қарағанды мектептерінде робототехниканы дамуы өте жоғары қарқынмен жүріп жатыр. Алайда біз «Lego деңгейінен» асып, инженерлік деңгейге өтуіміз керек. Бізге жай ғана нұсқаулық бойынша робот жинайтын балалар емес, күрделі микроконтроллерлермен жұмыс істей алатын, өз бетінше плата сызатын және бағдарлама жазатын жас мамандар қажет. Мектеп пен ЖОО арасындағы үзілмес байланысты орнату – басты міндет», – дейді ол ( <https://nis.edu.kz/> ). Бұл – робототехника-



• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Жастар тәрбиесі – назарда

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде құқықбұзушылықтың алдын алу, академиялық адалдықты нығайту, саламатты өмір салтын қалыптастыру және жатақханадағы әлеуметтік ахуалды жақсарту басты назарда. Студенттік өзін-өзі басқару, волонтерлік және дебаттық қозғалыстар белсенді дамып келеді. Жастар арасында «Заң және тәртіп» қағидатын қалыптастыру мақсатында құқықтық мәдениетке ерекше көңіл бөлінеді.

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаржылық сауаттылықты арттыру да маңызды бағыттардың бірі. Мамандардың қатысуымен ұйымдастырылатын кездесулерде студенттер қаржылық пирамидалар мен алаяқтық схемаларды ажырату, киберқауіпсіздік және жеке қаржыны басқару жолдарын үйренеді. «FinIQ» республикалық диктантына қатысу арқылы білімдерін жетілдіреді. Зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары мен медицина мамандарының қатысуымен тұрақты профилактикалық кездесулер өткізіледі. Онда психоактивті заттардың зияны жан-жақты түсіндіріледі. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Жастарды радикалды идеологиялардың ықпалынан қорғау мәселесі де назардан тыс қалған емес. Дінтанушылар мен теологтардың қатысуымен өткізілетін кездесулер студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытып, толерантты көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді. 2024-2025 оқу жылында бұл бағытта 84 іс-шара өткізіліп, 7 633 адам қамтылды.

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында университетте 9 үйірме тұрақты жұмыс істейді. Олардың қатарында «Тенор» вокал клубы, «Гакку» би ансамблі, «SJ dance» тобы, «Дилмар» шешендік клубы, «Сарыарқа сазы» домбыра үйірмесі, «Самұрық» дебат клубы, «Жайдарман» әзіл-сықақ ұжымы, «Digital» медиа клуб және «OQYLYQ» оқырмандар клубы бар. Бұл ұйымдар студенттердің шығармашылық дамуына және қоғамшылық қасиеттерін қалыптастыруға мүм-

кіндік береді. Спорт саласында да университет студенттері жоғары нәтижелер көрсетуде. «University League» футбол чемпионатында «Saginov Jastary» командасы І орынды иеленді. Сонымен қатар, пауэрлифтинг, акробатика, греппинг және гір спортынан әлем чемпиондары да бар.

Тәрбие жұмысының маңызды құрамдас бөлігі – «Толық адам» үйренеді. «FinIQ» республикалық диктантына қатысу арқылы білімдерін жетілдіреді. Зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары мен медицина мамандарының қатысуымен тұрақты профилактикалық кездесулер өткізіледі. Онда психоактивті заттардың зияны жан-жақты түсіндіріледі. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Әлеуметтік-психологиялық қызмет те тұрақты жұмыс істейді. Мамандар бірінші курс студенттерінің бейімделуіне көмектесіп, жеке және топтық кеңестер өткізеді. Буллингтің алдын алу және қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тренингтер ұйымдастырылады. 2025 жылдың төртінші тоқсанында 3 162 адамға психологиялық көмек көрсетілді.

Университет өмірінде волонтерлік қозғалыс ерекше орын алады. 2009 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жас Орда» жастар қауымдастығы студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыруда. Оның құрамындағы «Aqnie» қайырымдылық ұйымы әлеуметтік осал топтарға көмек көрсетіп келеді. Соңғы бес жылда 3 000-нан астам адам қатысқан 11 ірі қайырымдылық жобасы жүзеге асырылды. Донорлық акцияларға 800-ге жуық адам қатысқан.

Меланья ЧЕКУШКИНА

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

# Ауаның тазалығы кімге аманат?

Кеншілер астанасының қалың түтіні мен ауа тазалығы – қоғам назарындағы өзекті мәселенің бірі. Шаһарды жылмен қамтып отырған ЖЭО-1 нысанында да соңғы жылдары экологиялық жауапкершілік жаңа деңгейге көтеріліп, өндірістің тыныс-тіршілігіне өзгеріс енді. Бұрынғыдай «келді-кетті» бақылаудың орнын 500 миллион теңгеден астам инвестиция құйылған, әр секундты жіті қадағалайтын автоматтандырылған мониторинг жүйесі басты. Енді қазандықтан шыққан әрбір түтін мен зиянды газ онлайн режимде, мемлекеттік органның тікелей бақылауында тұр. Десе де, өндіріс ошағындағы бұл ашықтық – қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған кешенді жұмыстың бір парасы ғана.

**Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Аймақ ахуалы

Қарағанды бүгінде еліміздегі экологиялық ахуалы күрделі қалалардың бірі екені жасырын емес. Өңірдегі ауа сапасының төмендеуіне бір ғана фактор емес, бірнеше өзара байланысты себептер әсер етуде. Олардың қатарында жылу электр орталықтарының өндірістік шығарындылары, жеке сектордағы көмірмен жылыту және автокөліктерден бөлінетін түтін бар. Осы факторлардың жиынтығы қаланың атмосфералық жағдайын айқындап отыр.

Бұл ретте өндірістік нысандар, әсіресе жылу электр орталықтары – атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың негізгі тиесілі ірі көздің бірі. Алайда, соңғы жылдары бұл кәсіпорындарда экологиялық бақылау күшейтіліп, автоматтандырылған мониторинг жүйелері енгізілген.

– Экологиялық жүктеменің едәуір бөлігі жеке секторда. Қаладағы үйлердің бір бөлігі әлі күнге дейін көмірмен жылытылады. Газдандыру жүргізілгеніне қарамастан, оған жүгіну шектеулі қалып отыр. Қарағандыда 16 мыңға жуық жеке үйді газға қосуға техникалық мүмкіндік бар. Өйткенімен, іс жүзінде соның шамамен 35-40 пайызы ғана газға қосылған. Бұл әлі де көмір отынын пайдалануды жалғастырып отырғанын көрсетеді, – дейді облыстық экология департаментінің мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Людмила Крушина.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда сүзгілеу және мониторинг жүйелері орнатылса, тұрмыстық деңгейде мұндай технологиялар жоққа тән. Сонымен бірге, қаланың экологиялық жағдайына автокөлік құралдарының да ықпалы бар. Соңғы жылдары қоғамдық көлік паркi жаңартылуда, бұл фактор жалпы ластану деңгейіне әлі де әсер етеді.


## Бақылау бағамы

Аймақтағы жылу электр орталықтарында экологиялық бақылау тәсілдері соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұрын өндірістік шығарындыларды бақылау кезең-кезеңімен, яғни, белгілі бір уақыт аралығында ғана жүргізілсе, қазіргі таңда бұл процесс үздіксіз.

2024 жылға дейін қолданылған әдіс портативті құралдар арқылы жүзеге асырылған. Яғни, бақылаушы ұйымдардың мамандары станцияға келіп, белгілі бір уақытта өлшеу жүргізіп, алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасайтын.

«Қарағанды Энергоцентр» ЖШС ЖЭО-1-де бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бағыты бойынша басшының орынбасары Асқар Мұқаш бұл тәсіл қысқы жағдайда толық мүмкіндік бермегенін атап өтті.

– Бұрын өлшеу жұмыстары эпизодтық түрде жүргізілетін. Мамандар келіп, белгілі бір уақытта ғана өлшеу жасайтын. Ал, сол өлшеу арасындағы кезеңде қандай өзгерістер болғанын нақты бақылау мүмкіндігі болмады. Мұндай тәсіл өндірістегі нақты жағдайды толық көрсетуге мүмкіндік бермейтін. Өйткені технологиялық процестер үздіксіз. Ал, қысқа мерзімдік өлшемдер жалпы көріністі бермейді, – дейді Асқар Серікқұлы.



Осыған байланысты 2022 жылы заңнамалық деңгейде ірі өндірістік кәсіпорындар үшін автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу міндеті бекітілді. Арқа өңірінде бұл талап бірінші санаттағы, яғни қоршаған ортаға әсері жоғары кәсіпорындарға қатысты.

Экология департаментінің мәліметінше, облыс бойынша осындай талап қойылған 11 ірі кәсіпорын бар. Жалпы алғанда, автоматтандырылған жүйелер шығарындылар үшін 49 көзге және су бойынша 12 нысанға орнатылуы тиіс. Қазіргі таңда бұл жүйелер кезең-кезеңімен енгізілуде. Бірқатар кәсіпорындарда толығымен іске қосылса, әлі бірінде қаржыландыруға байланысты әлі аяқталмаған.

Оған себеп – оның техникалық күрделілігімен қатар, жоғары қаржылық шығындарды талап етуі. Мысалы, ЖЭО-1 нысанында автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізуге кәсіпорын өзі 500 миллион теңгеден астам инвестиция құйған.

Жаңа жүйенің басты ерекшелігі де сол – үздіксіз жұмыс істейді. Қазіргі таңда станциядағы негізгі көрсеткіштер тәулік бойы, нақты уақыт режимінде тіркеледі. Барлық деректер автоматты түрде тіркеліп, онлайн сервер арқылы экология департаментіне жіберіледі.

Сонымен қатар, бұл өзгеріс кәсіпорындағы басқару процестеріне де әсер еткен. Алынған мәліметтер операторларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Яғни, қандай да бір көрсеткіштің нормадан ауытқуы байқалса, технологиялық режим дереу түзетіледі.

Дегенмен, мамандар бұл жүйенің негізгі функциясы бақылау екенін атап өтеді. Ол шығарындыларды өздігінен азайтпайды, тек олардың деңгейін нақты тіркеп, бақылауды қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, автоматтандырылған мониторинг жүйелерінің енгізілуі экологиялық бақылаудың сапасын арттырғанымен, олардың нақты нәтижесі басқа технологиялық және ұйымдастырушылық факторлармен қатар қарастырылуы тиіс.

## Мониторинг

### автоматтандырылған

ЖЭО-1 нысанында енгізілген автоматтандырылған мониторинг жүйесі бірнеше бөліктен тұрады. Оның негізгі міндеті – ауаға шығатын газдардың құрамын мүмкіндігінше дәл өлшеп, деректерді дәлме-дәл тіркеу.

Жүйе түтін газдарын тікелей құбырдан (газоходтан) алудан басталады. Станцияда мұндай бірнеше бақылау нүктесі бар. Бірінші және екінші түтін құбырларында жалпы 9 өлшеу нүктесі орнатылған. Әр нүктеден алынатын газ арнайы сынама алу зондтары арқылы жеткізіледі.

Асқар Серікқұлының айтуынша, бұл кезеңде өлшеудің дәлдігі газдың бастапқы күйіне тікелей байланысты. Сондықтан, жүйеде газды алдын ала өңдеу қарастырылған. Алдымен түтін құбырынан алынған газ шамамен 50°C температурада болады. Ол арнайы желілер арқылы өтіп, 130°C-қа дейін қыздырылады.

Одан кейін газ керісінше, күрт салқындату кезеңінен өтеді. Тоназдық шалқырғысында оның температурасы шамамен 2°C-қа дейін төмендетіледі. Осы кезде газ құрамындағы ылғал толық бөлініп, арнайы баққа жиналады.

Жүйе ішінде бұл процесс бірнеше деңгейлі сүзгілер арқылы толықтырылады. Қосымша сүзгілер газдағы қалдық ылғал мен бөгде бөлшектерді жойып, негізгі өлшеу құрылғысының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Осыдан кейін ғана құрғақ газ талдау кезеңіне өтеді.

Негізгі өлшеу құрылғысы – Ultramat 23 газ анализаторы. Бұл құрылғы газ құрамындағы негізгі ластанушы заттарды анықтайды.



Солардың қатарында, күкірт диоксиді (SO<sub>2</sub>), азот оксидтері (NO<sub>x</sub>), көміртек оксиді (CO), оттегі (O<sub>2</sub>), сондай-ақ, шаң мен қатты бөлшектер бар.

Сонымен қатар, жүйеде газ көлемін, қысымын, температурасы мен ылғалдылығын өлшейтін қосымша датчиктер жұмыс істейді. Барлық өлшенген деректер Siemens S7 контроллері арқылы өңделеді. Бұл контроллер жүйедегі барлық сигналдарды жинақтап, оларды серверге жібереді.

Ол экология департаментінің апаратық жүйесіне онлайн режимде жеткізеді. Жүйенің тағы бір ерекшелігі – оның толық автоматтандырылғандығында. Алынған көрсеткіштерді қолмен өзгерту немесе түзету мүмкіндігі қарастырылмаған.

Газ сынамасын алу да циклдік режимде жүзеге асады. Бірнеше сынама алу желісі кезекпен жұмыс істеп, әрқайсысы шамамен 5 минут ішінде өлшеу жүргізеді. Бұл әртүрлі учаскелердегі көрсеткіштерді салыстырып, нақты жағдайды анықтауға мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған мониторинг жүйесі тек деректерді жинап қана қоймай, өндірістік процесті басқаруға да тікелей ықпал етеді. Егер бұрын өлшеу нәтижелері кейін талданса, қазір ақпарат бірден станция персоналының бақылауына түседі.

ЖЭО-1-де жүйеден алынатын барлық көрсеткіштер орталық басқару пультіне шығады. Әрбір қазандық агрегаты мен газ жүретін арна бойынша деректер жеке-жеке көрсетіледі. Бұл нақты қай учаскеде ауытқу бар екенін жедел анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйенің енгізілуімен бірге операторлардың жұмысы да өзгерген. Бұрын олар көбіне жоспарлық режимде жұмыс істесе, қазір түрлі жағдайға байланысты жедел түзету енгізу мүмкіндігі артқан. Мамандардың түсіндіруінше, негізгі басқару құралдары – ауа мен отынның арақатынасы. Қазандық көмір жану процесі дәл осы екі факторға тәуелді.

– Жану кезеңі – көмір мен оттегінің арақатынасына байланысты. Егер көрсеткіштер өзгерсе, біз ауа көлемін көбейтеміз немесе отын беруді азайтамыз. Осылайша режимді реттейміз. Бұл тәсіл ауытқуларды бастапқы кезеңде-ақ анықтап, олардың ұлғайып кетуіне жол бермеуге мүмкіндік береді, – дейді Асқар Мұқаш.

Автоматтандырылған жүйе өндірістік бақылауды реактивті модельден проактивті модельге көшіруге мүмкіндік берді. Яғни, мәселе туындағаннан кейін емес, туындау сәтінде әрекет етуге жағдай жасалған. Дегенмен, мамандар бұл жүйенің мүмкіндігін шектен тыс бағаламау керек дейді. АМЖ технологиялық процесті оңтайландыруға көмектескенімен, шығарындылардың жалпы көлемін өздігінен азайтпайды. Бұл тұрғыда жүйенің негізгі ролі – нақты дерек-

терге сүйене отырып, өндірістік режимді дұрыс жүргізуге мүмкіндік беру.

## Тазарту тетіктері

Автоматтандырылған мониторинг жүйесі өндірістегі бақылауды күшейтеді, атмосфераға түсетін зиянды заттардың нақты көлемі ең алдымен, тазарту технологияларына байланысты. ЖЭО-1 нысанында бұл функцияны эмульгаторлар атқарады.

Эмульгаторлар – түтін газдарын су арқылы өңдеп, олардың құрамындағы қатты бөлшектерді бөліп алуға арналған құрылғылар. Олар қазандық агрегаттарының жанында, яғни мониторинг жүйесіне дейінгі кезеңде орналасқан. Бұл – алдымен газ тазартылып, содан кейін ғана оның құрамы өлшенетінін білдіреді.

Жатық тілмен айтқанда, газ қазандықтан шыққаннан кейін эмульгаторға түседі. Мұнда ол сумен бүркіліп, шаң мен қатты бөлшектер төменге шөгеді. Арнайы ішкі айналым (циркуляция) арқылы газ қосымша өңдеуден өтіп, тазартылған күйінде түтін құбырына жіберіледі. Өндіріс ошағындағы қазіргі жүйелердің тиімділігі 99,6-99,8 пайызға дейін жеткен. Бұл өндірістік стандарттар бойынша жоғары көрсеткіш.

Сонымен қатар, станцияда тазарту жүйелерін кезең-кезеңімен жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, екінші буынды эмульгаторлар үшінші буынды



## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

мың гигакалорияға жетеді. Бұл қаладағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың жылумен қамтамасыз етілуіне тікелей әсер етеді.

Мұндай өндірістік көлем экологиялық жүктемеге түсетін салмақтың да орасан екенін көрсетсе керек. Яғни, тәулігіне мың тоннадан астам көмір жағылатын жағдайда ауа қабатына да айтарлықтай әсер етеді.

Асқар Серікқұлының айтуынша, дәл осы жерде мониторинг және тазарту жүйелерінің ролі айқын. Бір жағынан, өндіріс көлемі жоғары деңгейде сақталады, екінші жағынан, технологиялық шешімдер арқылы оның қоршаған ортаға әсерін барынша төмендету көзделеді.

Жылу электр орталықтарының қоршаған ортаға әсерін бағалауда негізгі көрсеткіштердің бірі – атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың көлемі. Бұл көрсеткіштер әр кәсіпорын үшін алдын ала белгіленген рұқсат етілген лимиттермен реттеледі.

Қарағандыдағы негізгі энергетикалық нысандар – ЖЭО-1 және ЖЭО-3 бойынша қолданыстағы мәліметтер олардың белгіленген нормативтер шегінде жұмыс істеп отырғанын көрсетеді.

Мәселен, ЖЭО-1 үшін жылдық рұқсат етілген шығарындылар көлемі 3458 тоннаны құрайды. Ал, нақты көрсеткіштер 2500-2700 тонна аралығында қалыптасқан. Бұл кәсіпорынның белгіленген лимиттен төмен деңгейде жұмыс істеп отырғанын білдіреді.

Ұқсас жағдай ЖЭО-3 нысанында да байқалады. Мұнда рұқсат етілген шекті көлем 28 мың тонна болса, нақты шығарындылар шамамен 25-26 мың тонна деңгейінде тіркелген. Яғни, екі нысан да заңнамалық талаптарды бұзбай, белгіленген нормативтер аясында жұмыс істеп отыр.

Сонымен қатар, экология саласының мамандары бұл көрсеткіштердің тұрақтылығы автоматтандырылған бақылау жүйесінің енгізілуімен де байланысты екенін атап өтеді. Жүйе арқылы алынған деректер кәсіпорындарда технологиялық процестерді жедел түзетуге мүмкіндік береді.

Десе де, мамандар бұл деректерді саралауда бірқатар маңызды жағдайды ескертеді. Біріншіден, рұқсат етілген лимиттердің өзі өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне қарай есептеледі. Яғни, белгілі бір көлемдегі шығарындылар бастапқыдан-ақ қалыпты деп қабылданады.

Екіншіден, лимиттен аспау өндіріс жаппы экологиялық жағдайдың жақсарғанын білдіре бермейді. Өйткені, атмосфералық ауа сапасына бір ғана кәсіпорын емес, бірнеше фактор қатар әсер етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ЖЭО-лардың норматив шегінде жұмыс істеуі – экологиялық талаптардың сақталуын көрсеткенімен, қаланың жалпы ауасының сапасын толық сипаттай алмайды.

Экология департаменті өкілдерінің айтуынша, қазіргі таңда негізгі назар шығарындылардың нормадан аспауына ғана емес, олардың нақты уақыт режимінде бақылауда болуына. Дегенмен, екі жылға жуық уақыт ішінде жинақталған деректер негізінде шығарындылардың айтарлықтай азайғаны туралы нақты қорытынды әзірге жасалмаған.

Қазіргі таңда автоматтандырылған мониторинг жүйелері арқылы алынған деректер негізінде тікелей әкімшілік айыппұл салу тәртібі толық регламенттелмеген. Яғни, жүйе нормадан ауытқуды тіркеген жағдайда, бұл автоматты түрде санкция қолдануға негіз бола алмайды.

Бұл жағдайда бақылау бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылады. Алдымен, экология департаменті кәсіпорынға бұзушылықты жою туралы нұсқама береді. Одан кейін материалдар прокуратура органдарына жолданып, тиісті құқықтық баға беріледі.

Мамандардың айтуынша, бұл бағыттағы заңнамалық өзгерістер әзірлену үстінде. Яғни, автоматтандырылған жүйелердің деректерін құқықтық тұрғыдан толық қолдану мәселесі әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Сонымен қатар, бақылау жүйесінің жұмысында белгілі бір рәсімдік талаптар да бар. Мысалы, кез келген тексеру ресми түрде тіркелуі тиіс, ал, ауызша ескерту немесе бейресми ықпал ету шаралары қарастырылмаған.

## Түйін

Жаһандану дәуіріндегі жаңашыл цифрлы өзгерістерді тек техникалық жаңалық деп емес, біздің табиғат алдындағы ар-ождан мәдениетіміздің жаңа белесі деп білсек керек. Ендігі кезекте бақылаудың байыбы өндіріс алыбы мен қала халқының арасындағы сенім көпірін қайта тұрғызғанды. Қалың жұртшылық та тек деректердің емес, таза ауаның салтанат құрғанын қалайды.

Суреттерді түсірген автор

• МЕРЕЙ

# Тұтас бір дәуір тынысы

Ел қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек еткен әр азамат – зор құрметке лайық. Бұл қызмет көпшіліктің көзіне әрдайым түсе бермесе де, бүтін мемлекет үшін маңызы орасан. Елге қызмет қылу – асқан жауапкершілікті, кәсіби қабілетті және Отанға айнымас адалдықты талап етеді. Бұл жүйеде еңбек еткен азаматтар елдің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қабақ қапай күзетеді. Осылайша тосыннан келер сан алуан қауіп-қатердің алдын алады. Ел іргесінің бүтіндігі, бұқараның түн тыныштығы осындай арда азаматтардың арқасында екенін әлсін-әлсін – есте сақтау да міндет. Мұндай қызметтегі адамдардың еңбегі – ерлікпен тең. Оның бірі нәм бірегейі – Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі қызметке саналы ғұмырының 30 жылын арнаған арда тұлға, қазірде абыз ақсақал, тоқсаннан тұғырына шыққан, Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің отставкадағы подполковнигі, Қазақстан Республикасының ҰҚК органдарының құрметті ардагері Рахат Алшыбаев ағамыз.



Рахат Қазақстан облысы, Бұқар жырау ауданы, Жаңақала ауылында 1936 жылы 25 наурызда дүниесігін ашыпты. Балалық шағы сұрапыл соғыс жылдарына тап келген Рахат сол кезеңдегі өзінің қатарластары секілді еңбектің дәмін ерте татты. Үлкендермен бірге далада бел жазбай, бұғанасы бекіп, қабырғасы қатпастан Жемісті жақындату үшін таңның атысы, күннің батысы тер төккен аға буын өкілі. Алайда, қатал уақыт тоя тамақ шікізбей, бүтін киім кигізбей қажағу қылса да, рухы мықты жұдырықтай баланың жігерін жасыта алмаған. Оның айқын көрінісі – бұл күнгі шыққан биігі.

Әрі тыл ардагері Рахат әкесі Ибаділдің темірден түйін түйген асқан ұста, ағаштың тілін білген шебер болғанын айтады. Ел-жұрт үй шаруасына қажет керек-жарақ жасатып алып отырыпты. Сол бір шақта бұқараның аяқ киімінен тапшылық көргені мәлім. Бойжеткендерге арналған етіктер, ер-азаматтардың саптамалары, қарттарға мәсі де Ибаділді ақсақалдың қолынан шығыпты. Ағаш шана да жасағанын еске алады. Бұл өнері 1931-1932 жылдардағы ашаршылықта Ресей жерінде жүргенде аман сақтап қалса керек.

«Тоқан», «Ерен» деген жерде колхоздың қойын баққанда шешесі Мәкен оған көмекші шопан болған екен. Заман түзелген соң елге келіп, ауылынан алыс жерде Жаңақала колхозының қойын бағыпты. Осы арада майданға жіберу үшін өзен суы мол «Тасаранда» қой сауу ұйымдастырылып, қой сүтінен сыр қайнатылғанын да айта кету керек.

«Тоқан» қыстағы орталық саналғанда онда 4 жылдық мектеп, мал дәрігері, фельдшер, ферма бастығы тұрған. Қойшылардың балалары сондағы мектепте оқып, білім алған. Мектептегі ұстазы Алдажар Маненовті ешқашан ұмытпақ емес.

Рахат аға 1947-1948 оқу жылынан 5-сыныптан 10-сыныпқа дейін Үлгі ауылындағы №5 қазақ орта мектебінде 150 балалық интернатта жатып оқыды. «Сабан салған жастық пен матрас. Жетеніміз тас аралас нан болды. Мен қашан да білім нәріне қандыған мұғалімдерімді еске аламын. Олар: мектеп директоры Қайыржан Қисықов, Айтқұл Нәбинов, Хисамидин Ысқақов, Төлеген Сүлеев, Қазали Абдрахманов, Дүйсенбай Тұрғамбеков, Қайынжамал Айтжанова.

1952 жылы қыста қатты боран күні интернат пәнінің мұржасынан от шығып, ғимарат өртенді. Бүкіл ауыл көмекке келсе де, қатты боранды желде өртті ауыздықтай алмады. Интернат балалары әр үйге паналап, оқуын жалғастыра берді. Интернат үйін қалпына келтіруге колхоздар көмек көрсетті. Көп бала суықтан

ауру болды, кейбіреулері оқуын тастап, ауылына қайтты. Ауылдасым Зада Рауандин ауырып қайтыс болды. Сепкрай Масалимов, Қайыржан Қонысбаев ауылға қайтты. Оқуды бірге бітірген екі қыз Мәрияш Хасенова, Шакен Жандаева Қазақстан педагогикалық институтын бітіріп, екеуі де Жаңаарқа ауданының жігіттеріне тұрмысқа шығып, көп жыл мұғалім болды. Кәмәш Әшкенова Қазақстан педагогикалық институтын бітіріп, физика пәнінен мектепте сабақ берді. Дүйсенәлі Бегімов пен Фарид Гизатуллин Қазақстан медицина институтын бітіріп, ғылыми еңбекпен айналысып, медицина ғылымдарының кандидаттары атанды. Дүйсенәлі Бегімов Қазақстан облысының бас ортосында қызметін атқарды. Фарид Гизатуллин Талғар қаласының ауруханасында көп жылдар бас дәрігер қызмет атқарды», – дейді Рахат Ибаділдіұлы.

Рахат аға 1953 жылы 10-сыныпты бітірісімен Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының химия-биология факультетіне түсіп, 1957 жылы институтты үздік тәмамдаған. Институтта спортпен шұғылданған. Күрестің барлық түрімен, грек-рим күресі, еркін күрес, казакша күреспен айналысқан. 1957 жылы Мәскеу қаласында Дүниежүзілік жастар фестиваліне барған Рахат Қазақстан чемпионы атанды.

«Спорттан алған атағым өміріме жол ашты. Кейін ҰҚК жоғары курсына барғанда, самбо күресімен шұғылданып, 6405 әскери бөлімінің чемпионы атандым», – деді Рахат. 1957 жылы институт комиссиясының шешімімен Ақмола облысының «Кеңбидайық» қазақ-орыс мектебіне химия пәнінің мұғалімі қылып жіберді. Онда спорт секциясын ашып, балаларды күреске баулыды.

1959 жылы тамыз айында Қазақандыға оралып, облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Шет ауданының Ақсу-Аюлы қазақ орта мектебіне жіберілді. Сол жақта Муза Мясниковамен бас қосты. Ол Алматы мемлекеттік университетінің био-топырақтану факультетін үздік бітірген. Қазақ, орыс, неміс тілдерін жақсы меңгерген еді. Мектеп директоры қызметін де атқарған. 1961 жылы тұңғыш ұлы Бекболат Алшыбаев дүниеге келген жылы Қазақандыға қайтып, Химия және металлургия институтына жұмысқа орналасады. Онда академик Евней Бөкетовтің зертханасында лаборант, инженер, аға инженер болды. 1962 жылы

біліктілігін көтеру мақсатында Алматыға металлургия институтында, кейін Мәскеудегі түсті металлургия институтында тағылымдамадан да өтеді. Дегенмен, өмір арнасы басқа жаққа бұрылды.

Дәлірек айтқанда, 1963 жылы тамыз айында облыстық әскери комиссариаттың бұйрығымен Қазақанды облысының мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жұмысқа жолданып, Минскідегі мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің арнайы жоғары курсына тәмамдады. Алғашқыда Балқаш қаласының МҚК құрамында қызмет етіп, 1966 жылы Қазақанды қаласына ауысты. Сонда 30 жылдан артық уақыт әртүрлі жауапты қызметтерді атқарды.

– 1964 жылы химик-эксперт дипломын алдым. 1977 жылы 2 айлық бөлім басшыларын дайындайтын курста оқыдым. Бұл курс Мәскеу қаласындағы Ф.Дзержинский атындағы жоғары мектепте еді. Қызмет бабында мемлекеттің әр түпкіріндегі операцияларға қатыстым. Атап айтқанда, 1972 жылы Башкирия орталығы Уфа қаласындағы операцияда 30 күн болдым. 1975 жылы Литва республикасында Вильнюс қаласында операция өтті. Онда Қазақстаннан екі адамбыз. Оның біреуі – мен, екіншісі – алматылық полковник Гуров. Аталған операцияларды ҚГБ бастығы, бөлім бастығы және мен ғана білдім. Енді ол туралы 50 жыл уақыт өткен соң ғана айтып отырмын, – деп еске алады Рахат.

Ұлттық қауіпсіздік ардагері МҚК СССР бұйрығымен 1971 жылы мерейтойлық медальмен марапатталған. 1986 жылы ҚГБ СССР бұйрығымен «Совет армиясының ардагері» атағы берілген. Бұдан бөлек, көптеген медальдары өңірінде жарқырайды.

Құдай қосқан қосағы Муза Алексеевна 2003 жылы ауыр науқастан қайтыс болған. Өмірге келген балалары Бекболат пен Серіктен төрт немере, жеті шөбере сүйген аға 90 жасқа келіп отыр.

Үлкен баласы Бекболат – белгілі спортшы, самбодан спорт шебері болған. 1982 жылы самбодан Бүкілодақтық жарыста жеңімпаз атанған. Ағамыздың тұңғыш ұлы өмірден ерте озды. Екінші ұлы Серік 1980-1982 жылдары Отан алдындағы борышын арнайы жасақ взводында атқарған. Әскерден кейін Қазақанды мемлекеттік университетіне түсіп, экономика факультетін аяқтаған. Екі жоғары білімі бар. Кейін Қазақанды экономикалық университетінің заң факультетін үздік тәмамдады. Әкесінің жолын жалғастырып, Қазақанды қаласының ішкі істер департаментінің қылмыстық іздестіру бөлімінде, Теміртау қаласының, Қазақанды облысының ішкі істер департаментінің ОБХСС бөлімінде, Қазақанды облысының Ішкі істер департаментінің ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасында, Теміртау қаласының Металлургиялық полиция бөлімінің бастығы қызметін мінсіз атқарды. Подполковник шенінде зейнеткерлікке шықты. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ардагері.

Рахат ағамыздың өмір жолының қаншалықты мәнді де мағыналы екенін анық аңғаруға болады. Ағаның қиындығы мен қуанышы қатар өрілген ғұмыр жолы – тек бір адамның тағдыры емес, тұтас бір дәуірдің тынысы. Ғұмырын елге, қызметке арнаған ағамыздың әрбір естелігі – тарихтың бір бөлшегі. Бүгінде тоқсанның төріндегі Рахат ағамызды мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығын тілеймін. Әр күніміз шаттыққа, жақындарымыздың қамқорлығы мен жылуына толғай! Мерейтойыңыз құтты болсын!

**Женіс ШӘДЕТОВ,**  
Бұқар жырау ауданының  
Құрметті азаматы

• ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ

# Оқушылар олжалы оралды

Астанада жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңі өтті. Физика мен биология пәндерін қамтыған білім бәйгесіне еліміздің түпкір-түпкірінен 305 оқушы қатысты. Кеншілер өлкесінің намысын 13 жоғары сынып оқушысы қорғады.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



Бәсекеңің жоғары деңгейі мен тапсырмалардың күрделілігіне қарамастан, аймақ оқушылары жақсы нәтиже көрсетіп, үш қола медальға ие болды. Атап айтсақ, «Білім-инновация» №1 лицейінің оқушылары Әлихан Жұмағали (биология) мен Рауан Әлібек (физика) жүлделер атанса, «Білім-инновация» №2 лицейінің оқушысы Мәриям Төлеубаева биология пәнінен қола медаль жеңіп алды.

Жалпы, мұндай жетістіктер аймақтағы білім сапасының жылдан-жылға артып келе жатқанын айқын көрсетеді. Оқушылардың білімге деген құштарлығы мен ұстаздардың жоғары кәсіби шеберлігінің арқасында өңірдің абыройы республикалық деңгейде асқақтады. Осындай байқаулар дарынды жастарды анықтап қана қоймай, олардың ғылыми әлеуетін дамытуға, болашақта ел ғылымына үлес қосатын мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді.

– Біз үшін бұл олимпиада үлкен тәжірибе алаңы болды. Тапсырмалар өте күрделі әрі терең ойланды талап етті. Әсіресе биологияның жасушалық деңгейден бастап, заманауи биоинформатикаға дейінгі бөлімдерін қамтуы ерекше қызықтырды, – дейді №2 лицейінің оқушысы Мәриям Төлеубаева.

Мамандардың мәлімдеуінше, олимпиада тапсырмалары халықаралық деңгейге сай әзірленген. «Білім-инновация» №1 лицейінің биология пәні мұғалімі Жасұлан Әлмағанбетовтің сөзінше, қатысушыларға жасушалық биологиядан бастап биоинформатикаға дейінгі кең ауқымды қамтитын теориялық және практикалық тапсырмалар ұсынылыпты.

Одан бөлек, бірқатар оқушы Құрмет грамотасымен марапатталды. Олардың қатарында «Мұрагер» мектебінің оқушысы Назерке Жүсіпбекова, Н.Нұрмақов атындағы мектептің оқушысы Әйгерім Саясат және «Білім-инновация» №1 лицейінің оқушысы Расул Мирғали бар.

Олимпиаданың негізгі мақсаты – дарынды оқушыларды анықтап, олардың ғылыми әлеуетін дамыту. Байқаудың қорытынды нәтижесі бойынша халықаралық зияткерлік жарыстарға қатысатын ұлттық құрама жасақталатынын айта кеткен жөн.

# Балалардың 40 пайызында аккаунт бар

«Цифрлық аутизм» термині соңғы он жылда ата-аналар мен педагогтер арасында жиі қолданылуда. Бұл ресми медициналық диагноз емес, алайда, адамның цифрлық технологияларды тым көп қолдануы салдарынан әлеуметтік қарым-қатынаста, назар аудару қабілетінде және эмоционалдық реакцияларда байқалатын мінез-құлық өзгерістерін сипаттайтын ұғым.

Ашық дереккөздерде бұл термин 2013 жылы пайда болды. Алғаш рет румын психологы Мариус Теадор Замфир қолданған. Атауы «аутизмге ұқсас» деген мағынаны білдіреді, бірақ бұл аутизм спектрінің бұзылғандығымен бірдей емес. Ресми медицинада «цифрлық аутизм» диагнозы жоқ.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мәліметінше, 2 жасқа дейінгі балаларға экран алдында уақыт өткізуге болмайды, ал, 2-5 жас аралығында 1 сағаттан аспауы тиіс. Десек те, ата-аналар баланы тыныштандыру үшін смартфонды жиі береді. Салдарынан, бала ата-анасымен немесе құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын дұрыс дамытпайды. Смартфонда көрген әлемнен өзге шынайы әлемді қабылдау мүмкіндігінен айырылады. Стэнфорд университетінің зерттеуінше, әлеуметтік желілерді шамадан тыс қолданатын жастардың 68%-ы «жалғыздық» сезімін сезінетінін айтқан. Жастардың виртуалды байланыс, қарым-қатынас іздеуі де осыдан.

Балалар өте ерте жасынан телефон

«Балалардың толыққанды дамуы үшін олардың денсаулығына, соның ішінде психологиялық жағдайына ерекше көңіл бөлу қажет».

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
Қазақстан Республикасының Президенті



тәуелді болып өсіп келе жатқандықтан YouTube, Instagram, TikTok платформаларында балаларға арналған контент те көбейді. Балалар мен жасөспірімдер бұл платформаларды күнделікті қолданады. Ал танымал контент-мейкерлер миллиардтаған қаралым жинап, тренд қалыптастырып отыр.

Mediascope зерттеуіне сүйенсек, балалардың 79%-ы YouTube-ты негізгі «видеосервис» ретінде қолданады. Балалар қатысатын бейнежазбалар басқа контентке қарағанда үш есе көп қаралым жинайды. Ең танымал балалар арналары:

Socomeleon – Nursery Rhymes – 180 млн+ жазылушы, 190 млрд+ қаралым.

Like Nastya – 120 млн+ жазылушы, 105 млрд+ қаралым.

ChuChu TV – 61 млн+ жазылушы, 40 млрд+ қаралым.

Яғни, мультфильмдер, әндер, ойыншықтарға шолу және балалардың өмірін көрсететін видеолар YouTube-та нағыз трендке айналған. TikTok қолданушыларының 75%-ын 13-24 жас аралығындағы жастар құрайды. Ал, 4-5 жастағы балалар TikTok-та күніне орта есеппен 75 минут уақыт өткізеді. 2024 жылы TikTok Қазақстанда қауымдастық ережелерін бұзған 6,5 млн-нан астам контентті өшірген. (Цифрлық аутизм: жаңа заман дерті ме? – Түркітілдес журналистер қоры)

«Мектеп қабырғасында білім алып жатқан балалардың оқу үлгерімі төмендеп, қоғаммен байланыс жасауы да қиындап бара жатыр. Қоңырауда бір-бірімен сөйлесіп, сергудің орнына бір бұрышта телефонмен отыратын балалар көп. Оқушы балалардың 40 пайызының өз аккаунты бар. Осындайдың салдарынан



**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН**  
**ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...**

балалар аулаға шығып ойнамайды, бұған онлайн оқу қосылды. Қарым-қатынас жайлы сауалнамалар жүргізгенде сыныпта отырған 30 баланың 18-19-ы бос уақытын жалғыз, телефонмен өткізгенін қалайтынын жазған», – дейді мектеп психологы Салтанат Абдрасилова.

Қазіргі таңда гаджеттерсіз өмір сүру мүмкін емес болып барады. Жас балалардың бос уақыты аулада ойнап емес, үйде телефонға телміріп өтуде. Ата-аналардың көбісі білмейтін, білсе де, мән бермейтін, бірақ цифрлық аутизмнің алдын алуға болатын да шаралар бар. Мысалы, ұялы телефонның параметрлерінде «ата-ана бақылауы» функциясын қосу арқылы баланың экран алдында өткізетін уақытын, көретін контентін шектеуге болады.

Цифрлық аутизмнің алдын алу әр адамның, әр ата-ананың өз қолында. Ерте диагностикалау, тиісті терапиялар, әлеуметтік дағдыларды дамыту, цифрлық құрылғылармен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын үйрету маңызды қадамдар. Ата-аналар мен мұғалімдер үш мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Гаджеттерді саналы түрде қолдану және шынайы өмірмен байланыс орнату – балалардың болашағы үшін маңызды қадам.

**Айша ҒАНИ**

# Су ресурсындағы сенімділік пен даму

Облыс аумағында су ресурстарын басқару және гидротехникалық инфрақұрылымды жаңғырту саласында жүйелі әрі кешенді жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің гүлденуінің берік негізі» тапсырмасын орындау аясында іске асырылып отыр. Сонымен қатар, 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында Президент су қауіпсіздігі мен суды үнемдеуді елдің стратегиялық басымдықтары ретінде атап, бұл бағытта нақты іс-қимылдарды жүргізуді тапсырды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

## Инфрақұрылымды жаңғырту жалғасады

Мемлекет басшысы су үнемдейтін технологияларды енгізу баяу екенін атап, дамыған елдердің озық тәжірибесін зерттеп, технологияларды сатып алу және шетелдік компанияларды тарту қажеттігін қатаң ескерткен еді.

Ресми дерекке сүйенсек, бүгінде өңірде 217 гидротехникалық нысан тіркелген. Оның 13-і – республикалық маңызды, 186-сы – коммуналық, 18-і – жеке меншік су қоймасы мен бөгеттер. Нысандар қауіпсіздік стандарттарына сәйкес жұмыс істеп тұр.

Жөндеуді қажет ететін гидротехникалық нысандарды анықтап, оларды кезек-кезеңімен жаңғыртуды жүзеге асырамыз. Мысалы, Танатбай, Ақтұмыс және Мұқтар су қоймалары күрделі жөндеуден өтуде. Жұмыстар 2026 жылғы 30 қарашаға дейін аяқталады деп жоспарланған. Сондай-ақ, Тоғызқұдық және Жастілек бөгеттерін күрделі жөндеу өткен жылдың қарашасында аяқталды, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы су ресурстары бөлімінің басшысы Алмас Саламқұлов.

Одан бөлек, жаңа жобалар да әзірленуде. Ботақара, Темирязов, Босаға және Ақжар су қоймаларына арналған жобалық-сметалық құжаттама дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Өткен жылы 13 су қоймасына техникалық тексеру жүргізіліп, нәтижесіне сәйкес қосымша жобалық құжаттама әзірлеу жоспарланғанын айту керек.

Бұл – техникалық тұрғыда әрі стратегиялық маңызы бар инфрақұрылымды қалыптастырудағы маңызды қадамы. Аймақта гидротехникалық нысандарды жаңарту, олардың сенімділігін арттыру, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су шаруашылығы жүйесін тұрақты дамыту және суармалы жерлерді тиімді пайдалану бағытындағы кешенді және жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

## Тұрғындарға сапалы ауыз су

Облыс аумағындағы қалалардың тұрғындарының 99,4%-ы, ауылдық елді мекендердегі халықтың 97,9%-ы орталықтан-дырылған сумен қамтылған. Бұл көрсеткіш еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда үздік көрсеткіштердің бірі екенін айту керек.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының су тасқыны және кәріз бөлімі басшысы Бақытбек Ақпаров та атқарылып жатқан жұмыстың жүйелі әрі нәтижелі екенін алға тартады.

2025 жылы облыста ауыз сумен қамтамасыз ету қызметтеріне 100% қол жеткізу мақсатында 67 жоба іске асырылды. Оның ішінде, 22 жоба су құбыры желілерін салуға, 45 жоба блок-модульді су тазалау кешендерін орнатуға бағытталған. Одан бөлек, 22 құрылыс нысаны пайдалануға беріліп, 45 ауылдық елді мекенде блок-модульді су тазалау кешендері орнатылды. Бұл облыс тұрғындарының толық орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік беріп отыр, – деп атап өтті ол.

Дерекке сүйенсек, су құбыры



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

желілерінің жалпы ұзындығы – 4 895,51 шақырымды құраса, орташа тозу деңгейі – 46,6%. Ал, кәріз желілерінің ұзындығы – 1 713,11 шақырым болса, тозу деңгейі – 74,8%. Өткен жылы 180,6 шақырым су және кәріз желілері салынып, қайта жаңғыртылған.

Табиғи монополия субъектілері 35,5 шақырым су құбыры және 19,8 шақырым кәріз желілерін күрделі жөндеуден өткізді. Нәтижесінде су құбыры желілерінің тозу деңгейі 46,6%-дан 45,8%-ға, кәріз желілері 74,8%-дан 73,9%-ға төмендеді. Ал, биыл облыста 19 жобаны іске асыру көзделуде. Оның ішінде, су құбыры желілерін реконструкциялау – 8 жоба, Қазақстан Республикасы Кәріз және су тазалау нысандарын жаңғырту бағдарламасы аясында кәріз желілерін салу және реконструкциялау – 11 жоба, – дейді Бақытбек Ақпаров.

Бұл жобалар сумен қамтамасыз ету көлемін арттырумен шектелмей, инфрақұрылымның сенімділігін күшейту, апатты жағдайлардың алдын алу және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуды да көздейді.

## Өнімділік кепілі – тиімді пайдалану

Аймақтағы суармалы жерлердің ауданы – 46,5 мың гектар. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері негізінен жаңбырлы суару әдісін қолданады. Бұл суды үнемдеуге және өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың екі бағдарламасы қарастырылған. Біріншісі – су үнемдейтін егістік технологияларын енгізуге арналған инвестициялық субсидиялар. Екіншісі – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу қызметінің бір бөлігін өтеу үшін су жеткізушіге субсидиялар аудару. Бұл шаралар судың жоғалуын азайтуға, өнімділікті арттыруға және фермерлерді суармалы жерлерді модернизациялауға қолдау көрсетуге бағытталған, – деп атап өтті облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының өсімдік шаруашылығын дамыту және техникалық жаратандыру бөлімінің бас маманы Сабина Баянова.

Су ресурстарын тиімді пайдалану, гидротехникалық нысандарды жаңарту және суармалы жерлерді модернизациялау өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін аса қажет.

Сондықтан да, облыста су ресурстарын басқару мен гидротехникалық инфрақұрылымды жаңғырту жүйелі. Гидротехникалық нысандар жаңартылып, олардың сенімділігі артқан. Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 100%-ға жетіп, ауыл шаруашылығында су үнемдеу шаралары іске асырылып, өнімділікті арттыруға баса ден қойылған.

Суреттерді түсірген Жәлел ШАЛҚАР

## Өзібек Исатайұлы БИМЕНДИН

2026 жылғы 26 наурызда Жаңаарқа ауданы мен Қарағанды қаласында бірнеше мектептің директоры қызметін атқарған ардагер-ұстаз, сазгер-күйші, қазақ мәдениеті мен өнерінің қамқоршысы, Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзібек Исатайұлы Бимендин 77 жасында кенеттен қайтыс болды.



Өзібек Бимендин 1949 жылы 20 наурызда Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Қараағаш ауылында дүниеге келді. 1967 жылы осы аудандағы Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды пединститутының тарих факультетіне оқуға түсіп, оны 1971 жылы ойдағыдай аяқтайды. Еңбек жолын туған ауданының К.Маркс атындағы совхозындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып бастайды. 1974-1977 жж. К.Маркс атындағы совхозда жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Содан кейін біржола ұстаздық қызметпен айналысып, аудандағы «XXV партсезд» совхозы орта мектебінің, О.Әлібаев атындағы орта мектеп директоры болады. 2000 жылы отбасымен Қарағанды қаласына қоныс аударуына байланысты осы қалада №43,18,50,76 орта мектептердің директоры қызметін атқарады. 2017 жылы зейнеткерлік демалысына шығады.

Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, зейнетке шыққаннан кейін ардагерлер қозғалысына атсалысты. Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі болды. 2024 жылы желтоқсан айында қала ардагерлері зор сенім артып, баламалы негізде Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Өмірлік жары Сәуір Рақымжанқызымен бірге 7 бала тәрбиелеп өсірді, барлығы жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша жемісті еңбек етуде. 2014 жылы «Мерейлі отбасы» қалалық байқауының гран-при жүлдесін жеңіп алды. Ойын-тойларда ән шырқап, күй тартып, халық композиторларының мұраларын насихаттаумен айналысты.

Ө.Бимендин ұзақ жылдар ұстаз, педагогикалық ұжым басшысы ретінде, қоғамдық қызметте өзін жақсы қырынан көрсетіп, «Қарағанды облысының білім саласына еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісіне, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қарағанды қаласына – 80 жыл» мерекелік медальдарына, Қарағанды облысының Құрмет грамотасына, көптеген ведомстволық грамоталар мен Алғыс хаттарға ие болды.

Өзібек Исатайұлының жарқын бейнесі онымен бірге қызмет атқарған азаматтар мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі, Қарағанды қалалық, Қазыбек би және Бөкейхан аудандық ардагерлер кеңестері

№120



## Еске алу

2026 жылдың 25 наурызында Қарағанды қаласының тұрғыны, Қарқаралының тумасы, асыл әке, ардақты ата Бейбіт Әбікенұлы КАМЗИН 77 жасында өмірден озды.

Сіз біздің өмірімізде өшпес із қалдырған, ақыл-парасаты мол, мейірімді шексіз жан едіңіз. Өрдайым отбасының тірегі болып, баршаға қамқорлық танытып, өнегелі өмір сүрдіңіз. Сіздің айтқан әр сөзіңіз, көрсеткен әр үлгіңіз біз үшін баға жетпес мұра болып қалды.

Бүгінде Сізді сағынышпен еске аламыз. Жылы жүзіңіз, ақ ниетіңіз, кең пейіліңіз жүрегімізде мәңгі сақталады. Артыңызда қалған ұрпағыңыз Сізді өрдайым мақтан тұтады, есіміңізді құрметпен еске алады. Жаныңыз жәннатта болсын. Есіміңіз жүрегімізде мәңгі жасайды.

Айналайын жарқынмын, Асыл жанды алтыным. Айырылдың ба панаңнан? Қараңғы жер төсегім, Топырақ болды-ау мекенім.

Ізгі естелікпен: балалары, немере-жандері.

№118

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі Қарқаралы қалалық ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Нұрғабден НҰРМАҒАМБЕТОВТИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзібек Исатайұлы БИМЕНДИННИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## • ДІН – ДИҢГЕК

## Қазақстандағы зайырлы өмір салтының моделі

Бүгінде Қазақстан конфессияаралық қатынастардың моделін бүкіл әлемге лайықты әрі мақтанышпен таныстырып келеді. Тәуелсіздік алған сәттен бастап, біз дін саласындағы заңнаманы қалыптастырдық, ол ішкі конфессияаралық татулықты сақтауды қамтамасыз етіп қана қоймай, радикалды және деструктивті жалған діни ықпалдардан қорғауға бағытталды.

Зайырлылықтың негізгі қағидаттары: мемлекеттік діннің діндердің теңдігі, сондай-ақ, дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі болып табылады. Зайырлылық қағидаттары мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етіп қана қоймай, конфессияаралық қатынастарға да оң әсерін тигізеді.

Мемлекет үшін де, кез келген конфессия үшін де ортақ рухани құндылықтар бар – үлкендерді құрметтеу, кішіге тәрбие беру, мұқтаж жандарға көмек көрсету, жақынға және ортақ Отанға деген сүйіспеншілік. Діндердің теңдігі туралы айта отырып, біз осы құндылықтардың қай діни дәстүрге жататынына қарамастан маңыздылығын атап өтеміз. Қалыптасқан диалогтың арқасында біз ортақ мақсаттарды көздейміз, олар – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ рухани құндылықтарды насихаттау.

Елена МАЙБОРОДА, АТТ мүшесі, Қарағанды облысының жергілікті діни бірлестіктер клубы

№57

## • ӨZEKTI

# Санитарлық талап сақтыққа жүгінеді

Күн жылынып, қар ери бастағанда табиғат қана емес, түрлі инфекциялық аурулар да оянады. Маусымдық кезең – санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға салмақ түсетін ең қауіпті шақ. Су тасқыны, тағамнан улану және соңғы уақытта өршіп тұрған қызылша дерті – бүгінгі күн тәртібінде басты мәселе.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыста көктемгі профилактикалық жұмыстар ерекше бақылауға алынған. Көктемгі кезеңге дайындық аясында халыққа түсіндіру шаралары лек-легімен жүргізілуде.

Көктем келісімен инфекциялық аурулардың таралу қаупі артады – маусымдық заңдылық. Өңірдегі ахуал бір ғана бағытпен шектелмейді. Тағамнан улану, су тасқыны кезіндегі қауіптер және вакцинациямен байланысты инфекциялар – барлығы бір-бірімен байланысты әрі өзекті. Бұл жерде халықтың санитариялық мәдениеті мен жеке жауапкершілігі шешуші рөл атқарады, – деді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин.

Ауа температурасының көтерілуі азық-түліктің сақталу мерзімін күрт қысқартады. Мамандардың дерегіне, улану жағдайлары көбіне бейберекет сауда орындары мен үйде дайындалған консервілерден болады.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департа-

менті келтірген деректерге сәйкес, тағамнан улану көбіне үй жағдайында дайындалған тағамдарды дұрыс сақтамаудан немесе сапасы күмән тудыратын өнімдерді тұтынудан туындайды. Әсіресе, көктем мезгілінде базарлар мен көшедегі бейберекет сауда орындарында сатылатын тағамдардың қауіпсіздігіне қатысты тәуекел арта түседі.

Улану жағдайларының басым бөлігі қарапайым гигиеналық талаптардың сақталмауынан болады. Азық-түлікті сақтау, дайындау және тұтыну кезінде мұқият болу қажет. Ауру белгілері едетте кенеттен пайда болады. Алғашқы симптомдар қатарында жүрек айну, құсу, іш өту, әлсіздік және дене қызуының көтерілуі байқалады. Мұндай жағдайлар, әсіресе, балалар мен егде жастағы адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін, себебі олардың ағзасы инфекцияға әлдеқайда сезімтал келеді, – дейді Юрий Леонидович.

Мамандардың айтуынша, ерекше қауіп төндіретін бағыттардың бірі – үй жағдайында дайындалған консервілер. Техникалық талаптардың толық сақталмауы ботулизм секілді

ауыр инфекцияларға алып келуі мүмкін. Сондықтан, сыртқы түрі күмән тудыратын, қақпағы ісінген немесе сақтау мерзімі белгісіз өнімдерді қолданбау қажет.

Қардың жаппай еруі елді мекендердегі ауыз су көздеріне тікелей әсер етеді. Еріген судың құдықтар мен ұңғымаларға барып қосылуы микробиологиялық құрамды бұзып, ішек инфекцияларының таралуына жол ашады.

Департамент басшысының айтуынша, көктемгі қарғын кезінде халық көбіне судың сапасына мән бермей жатады. Десе де, дәл осы кезеңде қауіп жоғары болады. Сондықтан, тек қайнатылған немесе ботелкедегі суды пайдалану қажет.

Көктем мезгілінің ең басты тақырыбы – қызылшаның өршуі. Соңғы жылдары бұл дерттің қайта белең алуы қоғамды алаңдата бастады. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сәйкес, биылғы жылдың 19 наурызына дейін өңірде қызылшаның 278 зертханалық расталған жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіштің басым бөлігі балаларға тиесілі. Атап айтқанда, науқастардың 86 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар.

Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі ретінде вакцинация деңгейінің жеткіліксіздігі. Тіркелген жағдайлардың ішінде

85 пайызы екіге алмаған азаматтар, ал, олардың 42 пайызында – ата-аналар саналы түрде бас тартқан.

Қызылша – ауа-тамшы жолымен өте тез таралатын инфекциялық ауру. Оның қауіптілігі тек жұту жылдамдығында ғана емес, асқын уықымалдығында да. Ауру пневмония, ортанғы құлақтың қабынуы (отит), тіпті, жүйке жүйесіне әсер ететін энцефалит секілді ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Вакцинациядан бас тарту ұжымдық иммунитеттің төмендеуіне әкеледі. Бұл инфекцияның таралуына тікелей әсер етеді. Әсіресе, балалар, жүкті әйелдер және иммунитеті әлсіз адамдар қауіп тобына жатады. Бұл ретте аурудың алдын алу үшін ең тиімді жолы – вакцинация екенін тағы бір қаперлеріңізге саламыз, – дейді Юрий Леонидович.

Соңғы жылдары вакцинацияға деген сенімнің төмендеуі эпидемиологиялық жағдайға тікелей әсер етіп отыр. Ақпараттың бұрмалануы мен негізсіз қауіптер кейбір ата-аналардың екпеден бас тартуына себеп болуда.

Шынында да, тағамды дұрыс сақтау, суды қайнатып ішу, гигиена сақтау және уақытылы екпе алу – сіздің және жақыныңыздың өмірін сақтап қалатын жалғыз жол. Көктемнің шуағы дертіңізге емес, дәруменіңізге айналсын десеңіз, сақтыққа салғырт қарамаңыз.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8.30-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

д



Электрондық пошта: [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

## • АЙТЫС

## Наурызды жырмен қарсы алды

Ұлыстың ұлы күні ақындардың жырмен өрлі. С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында «Армысың, өз Наурыз!» атты облыстық ақындар айтысы өтті. Оған өңір ақындары қатысты.

Сонымен қатар, жуырда елімізде маңызды саяси науқан өтіп, соның нәтижесінде келер жылдан бастап 15 наурыз – елдің Ата заңы қабыл-

сағынған көрерменнің рухани сұранысын өтеуді мақсат еттік. Сағыныштарыңыз басылсын деген ниет бар. Былтыр Қарағанды құрамасы республикалық деңгейде екі жылға созылған командалық айтыста топ жарды. Биыл да айтыскерлеріміз халықтың батасын алу үшін сахнаға шығып отыр. Өз Наурыз құтты болсын! – деді басқарма басшысы.

Ақындарға әділ бағасын беріп, айтыстың деңгейін таразылайтын қазылар алқасының құрамында филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Қойлыбай Асанов, академик Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-нің профессоры Камшат Төлеубаева бар.

Айтыс қорытындысы бойынша Бұқар жырау атындағы арнайы жұлде Дидар Қамиге, Доскей Әлімбаев атындағы арнайы жұлде Нұрмұхамед Байсүгірге, Жамбыл Жабасев атындағы арнайы жұлде Мұхтар Әділовке, Маясар Жапақов атындағы арнайы жұлде Әліхан Сейфоллаға. Қайып Айнабеков атындағы арнайы жұлде Әліхан Ергалиевке, Жүрсін Ерман атындағы арнайы жұлде Нұрлыбек Төкенге, Көшен Елеуов атындағы арнайы жұлде Жанарыс Тілеубекке, Шашубай Қошқарбайұлы атындағы арнайы жұлде Еркеғали Бекболатқа берілді.

Сурет ұйымдастырушылардан



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырған жыр додасын тамашалауға келген жұрттың қарасы қалың болды.

Ашылу салтанатына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ғалымжан Өтелбайұлы өз сөзін-

де қатысушыларға сәттілік тілеп, көрерменді Наурыз мейрамымен құттықтады.

– Биыл Наурыз және айт мейрамы тұспа-тұс келіп, мерекелік көңіл күйді арттыра түсті. Соңғы екі жылда елімізде Наурызды жаңаша форматта атап өту тұжырымдамасы қабылданып, мереке он күн бойы тойланып келеді. Бүгінде бұл бастама кең қолдау тауып, ұлттық мейрамның мазмұны мен ауқымын байыта түсті.

данған күн ретінде ресми түрде белгіленбек. Бұл да Наурызға аясындағы мазмұнды күндердің қатарын толықтыра түседі. Қазіргі таңда облыс көлемінде мыңға жуық мерекелік іс-шара ұйымдастырылып жатыр. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы – ақындар айтысы. Біз бұл айтысты тек жарыс, сөз қағыстыру ретінде ұйымдастырып отырған жоқпыз. Керісінше, ақындардың сөз салтау шеберлігін, тіл құдіретін

## • ФУТБОЛ

## Макридов Мадридті мойындата ма?

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубының жартылай қорғаушысы Глеб Макридов Freedom QJ League маусымының үздік ойыншысы атанған болатын. Нәтижесінде, Мадридтің «Атлетико» командасына бақылау матчына шақырту алған. Бүгінде жерлесіміз бақылау матчының бірінде үздік өнер көрсетіп, гол да салып үлгерді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

19 жастағы жартылай қорғаушы өткен маусымда 19 матч өткізіп, 19 гол салған. Әрі 10 нәтижелі пас берген. Турнир қорытындысы бойынша алаңда 4 502 минут өткізіп, 39 нәтижелі әрекет жасаған. Дәл осы жасындағы көрсеткіші үшін жерлесіміз



рекорд орнатқан.

Маусымаралық кезеңде Глеб Макридов «Шахтердің» негізгі

құрамымен оқу-жаттығу жиындарына қатысқан. Әрі жолдастық матчтарда екі гол салып, көзге

түскен. Ал, Мадридке сапары таныс форматында өтуде. Яғни, футболшы тек оқу-жаттығу жиындарына қатысып, бақылау жұмыстарынан өтіп келеді. Ал, бұл – жас ойыншы үшін халықаралық деңгейде өзін көрсетуге, кәсіби ортада тәжірибе жинауға тамаша мүмкіндік.

Айта кетейік, жас ойыншыларға арналған қысқа мерзімді тағылымдамалар – қарағандылық футболды жүйелі дамыту стратегиясының маңызды құрылымы. Жас таланттарға шетелдік клубтарда тәжірибе жинауға, кәсіби шеберлігін арттыруға және спорттық тұрғыдан өсуге жол ашып отыр. Ал, бағдарлама лига ойыншыларын халықаралық деңгейде дамыту мақсатында Changan Kazakhstan компаниясымен бірлесіп жүзеге асыруда.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

## • КАРАТЭ

## Каратэшілер жарап тұр

Қарағандыда каратэден (WKF) жастар және жасөспірімдер арасында ел чемпионаты аяқталды. Дүбірлі доғаға 15 облыстан 700-ге жуық спортшы қатысып, өнерлерін ортаға салған. Айта кетейік, аталған чемпионат төрт күнге созылды. Турнирдің ашылу салтанатына дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков қатысып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, құрметті қонақтар қатарында Қазақстан каратэ одағы-федерациясының вице-президенті Болат Хавлахақ, Мемлекеттік жаттықтырушы және Қазақстан каратэ федерациясының атқарушы директоры Майя Баймағанбетова мен Қазақстан каратэ федерациясының бас хатшысы Асқар Молдағали да арнайы қатысты.

– Өуелі киелі Сарыарқа жерінде кош келдіңіздер! Бүгінгі күн – әр

спортшы үшін аса маңызды белес. Каратэ (WKF) – бұқаралық сипатқа ие, кең қанат жайған спорт түрі. Сондықтан, бүгінгі сәт – жай ғана кезекті жарыс емес, ертеңгі тарихтың бастауы. Барша қатысушыларға сәттілік тілеймін! – деді Берік Мырзаұлы.

Жарыстың алғашқы күні 15-20 жас аралығындағы жасөспірімдер татамиде өзара күш сынасты. Ал, екінші күні 15-17 жас санатындағы



ұлдар мен қыздар арасында бөсекелер басталған. Солардың қатарында қарағандылық Аревика Зограбян да бар. Жерлесіміз 14-15 жас санатында 47 келі салмақта сынға түсіп, алтыннан алқа тақты.

– Ақтық кезеңге дейін үш жекпе-жек өткіздім. Қарсыластарым осал емес. Ақтық кезеңде шымкенттік спортшымен кездесіп, жеңіске жеттім. Бұған дейін біршама байрақты турнирлерге қатысқанмын. Соның басым бөлігінде тұғырдан көріндім. Осы турнирдің өтетінін естіп, бір ай бұрын тынғылықты дайындадым, – деді спортшы.

Сонымен қатар, 16-17 жас санатында +76 келі салмақта сынға түскен тағы бір жерлесіміз Станислав Сухоруков та қарсылас шак келтірмеді. Ол да ақтық кезеңге дейін

үш кездесу өткізген. Ақтық кезеңде Ақтөбе облысының спортшыны жеңіп, облыс қоржынына алтын жұлде салды.

– Осы спорттың түрімен шұғылданып жүргеніме жеті жылдан асты. Осынша жыл ішінде жеткен азды-көпті жетістігім бар. Десе де, осы жолғы турнирге ерекше дайындықпен келдім. Қарсыластарым осал емес. Кіл мықтылар. Жеңіске жету үшін бар күш-жігерімді салдым. Каратэшілер, жеңіске жеттім. Қарсыластарым мықты болса, жеңістің дәмі солғұрлым тәтті болады екен, – деді Станислав.

Дарина САМЕН,  
Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ  
IV курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан

## Жаңа форматтағы жаңару мейрамы



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал, Қарағандыда мерекенің басты нышанына айналған нысан – орталық саябақта бой көтерген аташпартырым алып шатыр. Мұндай бірегей жоба өңір тарихында алғаш рет ұйымдастырылып отырғанын айта кетпеске болмас.

Шатыр ішінде үлкен сахна, LED-экран құрылып, қала тұрғындары үшін 200 орын қарастырылған. Шатырдың сол жақ қапталында көрме, подиумдар қойылып, ұлттық колөнер бұйымдары мен түрлі экспозициялар ел назарына ұсынылды. Ал, оң қанатында колөнер шеберлерінің сәндік-қолданбалы өнер туындылары көрмесі, роботтехника және жасанды интеллект аймағы қойылған. Өңір басшысы әр алаңға барып, көрсетілімдерді тамашалап, заманауи жобалармен танысты.

Солардың қатарында жасанды интеллектің өз бетінше меңгерген Амантай Ақишев те бар. Мереке күні көпшілік назарына авторлық «Бабалар мұрасы» жобасын ұсынып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Өрі жоба авторы өз сөзінде тарихи-мәдени мұраны жаңғырту ісі дәл осындай заманауи бастамалар арқылы жүзеге асуы тиіс екенін ерекше атап өтті.

– «Аспан астындағы музей» жобасы аясында қала тұрғындары «Нарбота жазығы», «Қырық қыз тамы», «Әлдібек кесенесі»,

«Досан қажы» секілді киелі орындарға жасанды интеллектің көмегімен саяхат жасай алады. Бүгінде виртуалды саяхат форматы қарқынды дамып келеді. Сондықтан, осы бағытты өз жобама арқау еттім. Жас ұрпақ өз тарихын білуі керек. Сондықтан, осындай жобалар керек-ақ. Көзбен көрмесе де, көргендей әсер сыйлайтынына сенемін, – деді ол.

Бұдан соң өңір басшысы арнайы ұйымдастырылған мерекелік концертті тамашалады. Мерекелік концерт С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры мен «Гюзель», «Аққу», «Қуаныш», «Нұрби» үлгілі хореографиялық ансамблінің жасанды интеллект аймағы қойылған. Өңір басшысы әр алаңға барып, көрсетілімдерді тамашалап, заманауи жобалармен танысты.

Солардың қатарында жасанды интеллектің өз бетінше меңгерген Амантай Ақишев те бар. Мереке күні көпшілік назарына авторлық «Бабалар мұрасы» жобасын ұсынып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Өрі жоба авторы өз сөзінде тарихи-мәдени мұраны жаңғырту ісі дәл осындай заманауи бастамалар арқылы жүзеге асуы тиіс екенін ерекше атап өтті.

– «Аспан астындағы музей» жобасы аясында қала тұрғындары «Нарбота жазығы», «Қырық қыз тамы», «Әлдібек кесенесі»,

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ  
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ  
Директордың орынбасары  
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҮСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035

№32 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ